

ЕРДІҢ ТУЫ – НАМЫСЫ



Рамазан Боқановты таныстары ұлттық қауіпсіздік органының офицері, полковник ретінде таниды. Қатардағы лейтенант болып бастаған қызмет жолында талай белестерді бағындырып, полковник шенінде зейнеткерлікке шықты. Әрине, ширек ғасырдан астам уақытқа созылған «көзге көрінбейтін еңбек жолдарын» кейіпкеріміздің өзі де көп айта бермейді. «Е, бастан талай жағдай өтті ғой, ел аман болсын» дейді де қояды. Ал, шын мәнінде, осы бірауыз сөзге талай-талай оқиғалар мен тағдырлардың сыйып тұрғандығын біреу түсінсе, біреу түсінбес.

Еңбек адамды шындайды

Бүгінде жетпістің желкенін жайған Рамазан Боқановтың өмір жолы жастарға үлгі-өнеге болатындығы сөзсіз. Сонау 1955 жылы Торғай даласында кіндік қаны тамып, тарихи жердің ауасымен тыныстаған кейіпкеріміз өз заманының батыры бола білді. Әрине, ол кезең Кеңес Одағының Екінші дүниежүзілік соғыста жеңімпаз атанып, дүрілдеп тұрған шағы. Бүкіл ел-жұрт «Партия қайда болса, жеңіс – сонда» деп ұрандатып жатты. Партия мен комсомолдың айтқан сөзіне, іс-қимылына күмән келтіру үлкен қылмыс еді.

(Жалғасы 2-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ӨЗБЕКСТАН НАРЫҒЫНА ЖОЛ АШЫҚ



Еліміздің кәсіпкерлері Өзбекстан нарығына кедергісіз, еркін шығатын мүмкіндікке ие болды. Бұл қызмет көрсету саласына инвестициялардың өсуіне ықпал етеді. Парламент Сенатының жалпы отырысында қабылданған «Көрсетілетін қызметтердің еркін саудасы, инвестициялардың құрылуы, қызметі және жүзеге асырылуы туралы келісімді ратификациялау туралы» заңның негізгі жаңалығы осы болып отыр.

(Жалғасы 3-бетте)

ТАЛҚЫ

ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫЛАР ИНСТИТУТЫН ҚАЛАЙ ЖАНДАНДЫРАМЫЗ?

Әділет министрі Ерлан Сәрсембаев «Қазақстандағы жеке сот орындаушылары институтының проблемалары мен даму перспективалары» тақырыбында Үкімет сағатында баяндама жасады.

Бүгінгі таңда атқарушылық құжатты орындау мемлекеттік және жеке сот орындаушыларына жүктелген. Министр өз баяндамасында атқарушылық жазбалар институтының ықпалына ерекше тоқталды. Бұл институт 2016 жылы іске қосылды. Оның мақсаты – қарызды өндіріп алу процедурасын жеңілдету. Атқарушы жазбаның басты алғышарты ол талаптардың даусыз болуы. Бұл рәсім тараптардың өз міндеттемелерін мәжбүрлеп орындату кезінде бұзылған құқықтарды соттан тыс қорғау қызығушылығын арттырды. Оның қолдану процедурасының қарапайым болуына байланысты жеке нотариустардың мүмкіндіктерді теріс пайдалану арқылы атқарушы жаз-

баны «бұлыңғыр схемалардың» құралына айналдырды.

Бұл атқарушы құжаттардың жасанды түрде өсуіне әкелді. Осыған орай, орын алған олқылықтарды жою және атқарушы жазба институтын одан әрі жетілдіру мақсатында қолданыстағы заңнамаға тұрақты түрде өзгерістер мен толықтырулар енгізілуде. 2025 жылғы қаңтарда Микрокредит беру туралы шартты жасасу ережелеріне микрокредиттік ұйымдарға «шағын несие» шарты негізінде кез келген аффилирленген нотариусқа атқарушылық жазба жасау туралы өтініш беруге шектеу қойылды. Былтыр мәжбүрлеп орындату жүйесі бойынша әділет орган-

дарына түскен өтініштер мен шағымдардың саны 89 мыңды құрады. Бұл 2023 жылмен салыстырғанда екі есе көп (37 мың). Былтыр барлық өтініштер мен шағымдардың жалпы көлемінен олардың үлесі 63 пайызды құрады.

Көбіне өтініш берушілер орындау барысының ашықтығы мен ақпараттың жоқтығына, мәжбүрлеп орындату шараларының уақытылы жойылмауына, мүліктің сатылуына, алимент бойынша міндеттемелердің орындалмауына шағымданады.

Осылайша, талдау нәтижесі ақпараттық жүйеге автоматтандыру процесін енгізу арқылы орындау рәсімдерін оңтайландыруды, сонымен бірге ұйымдастырушылық заңнамалық шараларды қабылдау қажеттілігін көрсетті. Әділет министрінің айтуынша, осыған байланысты:

- борышкер мен өндіріп алушыға атқарушылық іс жүргізу процесінде қабылданған шаралардың уақыты мен заңдылығын бақылауға тең дәрежеде қолжеткізуге мүмкіндік беру;

- сот орындаушысының іс-әрекеттерін бағалайтын «цифрлық көмекші» жүйесін енгізу;

- тәртіптік жауапкершілікке тарту тетігінің жеке сот орындаушыға қандай да бір салдары болмауына байланысты олардың жауапкершілігін арттыру;

- уәкілетті органға жүгінусіз, тікелей жеке сот орындаушыға өтініш жолдауға бағытталған атқарушылық іс жүргізудің ақпараттық жүйесін «Е-өтініш» жүйесімен интеграциялау мүмкіндігін беру мәселесі пысықталуда.

(Жалғасы 3-бетте)

5-бет



Аягүл РАМАЗАНҚЫЗЫ,
экобелсенді,
журналист:

«Біз пластиктермен болашақты улап жатырмыз»

6-бет



Субсидия сомалары өндіріп алынды

8-бет



Ақ халаттылардың «қара» тірлігі

Ұстаз – ең қасиетті ұғым. Мұхаммед пайғамбар: «Ұстазың – ата-анаңнан артық» деген. Себебі, ұрпақты ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, ғарышкерін де ұстаз өсіреді.

ҰСТАЗЫҢДЫ АТАҢНАН ДА ӘЗІЗ ТҮТ



«Шәкіртсіз ұстаз тұл» деп бекер айтпаған. Саналы ғұмырын ұстаздыққа арнаған жанға қандай құрмет, мадақ айтсақ та артықтық етпейді. Арықбай Нүсіпәліұлы Ағыбаев – ұстаздық ұлы қасиетті бойына сіңірген, шын мәніндегі ардақты тұлға. Ұстаз ретінде ол әр шәкіртінің жүрегінде өшпес із қалдырып, өмірінің соңына дейін құрметпен еске алатын, мәңгілік тағзым ететін биік бейнеге айналды. Ұстазымыздың ісін жалғастырып келе жатқан шәкірттері бүгінде Қазақстанның түкпір-түкпірінде еңбек етіп, ел алғысына бөленіп жүр. Өзінің еңбекқорлығы, бай өмірлік және кәсіби тәжірибесі, қолынан келген көмегін аямайтын мейірімділігінің арқасында біздің жақсы көретін ұстазымыз Арықбай Ағыбаев қайда жүрсе де әрдайым көпшіліктің сүйіспеншілігіне бөленді.

Әлемдік деңгейдегі ұлағатты ұстаз, қылмыстық құқық пен криминология саласының танымал маманы, заң ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің профессоры Арықбай Ағыбаев 1941 жылдың 15 маусымында Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Талап ауылдық кеңесіне қарасты Қастек ауылында дүниеге келген. Тегінен дарыған әділдікке құштарлық оның болашақ тағдырын айқындады. Арғы атасы Нарбота бидің әділ шешімдері жас Арықбайдың бойына әділдік пен кемеңгерлік жолын сіңірді. 1967 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің заң факультетін Ленинград стипендия иегері ретінде үздік бітіріп, ғылым жолына бағыт алған ол, ғылыми кеңестің шешімімен Қазақ ССР Ғылым академиясына жолдама алады.

Университетте ерекше орын алатын – заң факультеті. Бұл факультет еліміздің құқықтық жүйесінің негізгі қағидаттарын қалыптастырып, іргетасының нығаюына үлес қосқан заңгерлерді дайындады. Қазақстан Республикасындағы сот жүйесінің, құқық қорғау органдарының, заң шығару саласындағы парламент мүшелерінің, саяси қызметтің негізгі кадрлық құрамын ҚазҰУ-дың заң факультетінің түлектері құрайды. Академиялық ортада Қылмыстық кодекске алғаш қазақ тілінде түсіндірме жазған ғалым ретінде танымал Арықбай Нүсіпәліұлы – ҚазҰУ заң факультетінің беделді түлегі. Қазақстанның заң ғылымы саласында танымал ғалым, профессор, құқық саласының дамуына зор үлес қосқан тұлға.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде қызмет атқару барысында ол жоғары білім беру мен ғылыми-зерттеу салаларында маңызды жетістіктерге жетті. Арықбай Нүсіпәліұлы университет қабырғасында қылмыстық құқық, қылмыстық процесс және криминология салаларында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, осы бағыттарда бірнеше ғылыми еңбек жариялады. Ол университетте заңгер мамандарды даярлау ісіне белсенді қатысып, оқу бағдарламаларын жетілдіруге атсалысты. Оның жетекшілігімен студенттер

тер ғылыми жобалар мен зерттеулер жүргізіп, республикалық деңгейдегі байқауларда жүлделі орындарға ие болды. Арықбай Нүсіпәліұлы студенттерге құқықтық тәрбие беруде де белсенділік танытып, олардың азаматтық ұстанымын қалыптастыруға ықпал етті.

Ол жаңа Қылмыстық кодекстің жобасын жасауға белсенді қатысты, 560-тан астам ғылыми еңбектің авторы болды. А.Ағыбаев тәуелсіздік алған алғашқы жылдары тұңғыш рет мемлекеттік тілде «Сот құжаттарының үлгілері» деген еңбек жазды. Бұл еңбек Қазақстан Республикасындағы сот жүйесінде, сот құжаттарын заң талабына сәйкес әзірлеудің жүзеге асырылуына қосылған құнды қазына болды. Ғылыми-педагогикалық қызметті атқарумен бірге ол 26 ізденушінің кандидаттық диссертациясына жетекші, 4 ғылым докторына ғылыми кеңесші болды. 1998 жылдан бері 7 халықаралық ғылыми-теориялық, 21 республикалық ғылыми-практикалық, ғылыми-теориялық конференцияларға қатысып, құқықтық реформаның өзекті тұстарын талқылады. Сот әділдігін қалыптастыру үшін 1995 жылдан бері А.Ағыбаев Жоғарғы Сот жанындағы Ғылыми консультативтік кеңестің мүшесі ретінде талай игі бастамалардың басында тұрды. «Заңгерлер әділетті сайлау үшін» қоғамдық ұйымының басқарма мүшесі, көптеген құқықтық журналдардың редакциялық алқа мүшесі болды. Халықты құқықтық сауаттандыру мақсатында 1981–1990 жылдары Қазақ теледидарында «Адам, қоғам және заң» телехабарын қоғамдық негізде жүргізді. 1998–2001 жылдар аралығындағы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің докторлық диссертация қорғау жөніндегі Диссертациялық кеңесінің ғалым хатшысы, мүшесі ретінде қазақ ғылымының плейадасын жас ғалымдармен толқытуруға септігін тигізді.

Профессор Арықбай Нүсіпәліұлы қылмыстық заңның мәні – адамға оның қоғам мен мемлекет алдындағы жасаған қылмысының ауырлығы мен салдарын ұғындырып, сол құқықбұзушылығы үшін жазаны өтеудің қажеттілігін сезіндіру, сондай-ақ өмірдің құндылығын бағалауға үйрету екендігін баса айтты. Ғалымның елеулі еңбегі жоғары бағаланып, 2003 жылдың 8 желтоқсанында Президент жарлығымен профессор Арықбай Ағыбаевқа «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы берілді. Сонымен қатар, ол бірнеше мемлекеттік медаль иегері. Ардақты ұстаз өз жетістіктерімен шәкірттерін шабыттандырып, ғылым мен білім жолында талмай еңбек етуде. Арықбай Нүсіпәліұлы тек құқық саласымен шектеліп қоймай, тарих пен әдебиет тақырыптарына да қалам тербеген. 120-дан астам еңбектің, оның ішінде 2 монография, 10 ғылыми-әдістемелік оқу құралының авторы. Ол Қарасай батыр, Сүйінбай, Жамбыл, Сұраншай, Сүттібай мен Нарбота би сынды тарихи тұлғалар туралы жазған танымды очерктері арқылы ел жадында қалды. Осы еңбектері үшін Арықбай Нүсіпәліұлына халықаралық Жамбыл Жабаев атындағы сыйлық пен Жамбыл ауданының «Құрметті азаматы» атағы табысталды.

Арықбай Ағыбаевтың ұстаздық жолы – бұл шынайы тәрбие мен білімнің, адамгершілік пен адалдықтың жарқын үлгісі. А.Ағыбаевтың есімі шәкірттерінің жүрегінде ерекше орын алып, ұмытылмас мұраға айналады.

Шолпан ЖУМАГУЛОВА,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті «Құқықтану» білім беру бағдарламасының қауымдастырылған профессоры

ЕРДІҢ ТУЫ – НАМЫСЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ат жалын тартып, ерге қонатын кезеңде шұбартаулық жастар «Мектеп партасынан – мал шаруашылығына!» деген бастама көтермесі бар емес пе! Оған қалай «жоқ» деп айтарсың! Жастайынан малдың жай-күйін білетін жас ұлан бұл ұранды алғашқылардың бірі болып қолдады. Еңбекке белсене араласты. Тракторшы ретінде темір тұлпар жүргізгендегі уақыты кейіпкеріміздің өміріндегі ерекше жылдар екендігі анық.

Адам баласы еңбекпен шыңдалатындығы рас екен. Қиындықтан қашпай, осындай қарапайым еңбек жолынан өткен торғайлық жас білім жолында да қатарының алды бола білді. Торғай даласы дегеніміз тұнып тұрған тарих ошағы екендігі айдан анық. Жерде жатқан бір тастың өзінің тарихы бар білген жанға. Сондықтан болар, торғайлықтар бала күнінен тарихшы болуға бейімделіп өседі. Бойына дарыған осы қасиетті Рамазан Боқанов одан әрі қарай дамытып, ғылым-білім жолына бет бұрды. Білімге деген құштарлықтың арқасында жоғары оқу орнын ойдағыдай аяқтап, қолына тарихшы екендігін растайтын диплом алды.

Кейіпкеріміз мұнымен де шектеліп қалмады. Зерттелмей жатқан, шешілмей жатқан тарихтың мың-сан тақырыптарының бірін ғылыми еңбегіне шамшырақ етіп ұстады. Осы жолдағы терең ізденістерге бет бұрды. Нәтижесі де жаман емес, талай жылғы күн-түн қатқан еңбегінің арқасында тарих ғылымдарының кандидаты атанды. Жастайынан зерек, тыңғылықты, көкірек көзі ояу азамат егер осы жолдағы зерттеулерін жалғастыра бергенде, мүмкін, қазіргі уақытта тарих саласының мүйізі қарағайдай бір ғалымы атанар ма еді деген де ой келеді. Бірақ, тағдыр Рамазан Боқановқа басқа жол ұсынды.

Ұлттық кадр – ұлтқа қызмет етеді

Жетпісінші жылдар. Әлемдегі атақты арнаулы қызметтердің қатарында аталатын Кеңес Одағының Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінде қызмет істеу ол кездегі жастар үшін үлкен арман болатын. Мұндай мекемеге кез келген жасты ала да бермейтін. Кандидат бірнеше жыл бойы сырттай зерттелетін. Зерттеліп жүргенін, қауіпсіздік органдарына кандидат болуы мүмкін екендігін сол адамның өзі де сезбейтін. Зерттеп, зерделеу барысында кандидаттың денсаулығынан бастап, оның жеті атасы, тамыр-таныстары мен әріптестері түгел тексеріліп барып, қойылатын талаптың барлық тармақтарына жауап беретіндер ғана орғанға қызметке шақырылатын. Ал сұңғақ бойлы, ат жақты, кең жауырынды, сымбатты, тепсе темір үзетін, білімі мен ілімі толықсыған, қатарластарының алды болып жүрген кейіпкеріміздің қауіпсіздік органдарының назарына ілінбеуі мүмкін емес еді. Тосыннан жасалған ұсыныстан Рамазан Боқанов та бас тартпады. Сөйтіп, иығына лейтенант шенін ілген жас жігіт қауіпсіздік органдарының қиындығы мен қарбаласы мол қызметіне араласып кете барды...

Тәуелсіздігін алған жылдары Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті құрылды. Айтуға жеңіл болғанымен, осы жылдары ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметі қарбаласқа толы болғаны жасырын емес. Қазақ елінің тәуелсіздігін мойындағысы келмегендердің бой көрсеткені де осы уақыт еді. Тіпті, «Қазақтар өз алдына мемлекет бола ала ма?» деген сауалдар саясаткерлердің аузынан ашық айтылып жатқан кезең болатын. Тәуелсіздікке тіксіне қарағандар артынып-тартынып басқа мемлекеттерге көшіп жатты. Мұндай миграциялық жағдай елдің экономикасына, қоғамдық-саяси жағдайына әсер етпей қоймады. Бұл жағдай ұлттық қауіпсіздік органдарының ішіндегі кадр тұрақсыздығына әкеп соқты.

Еліміз тарапынан Ресейдегі арнаулы қызметтің қайта даярлау курстарына барып, оқуын бітірген соң елге қайтпай, сонда қалып қоятындар қатары да жиілей бастады. Ұлттық қауіпсіздік комитетінде ұлттық кадрларға деген тапшылықты сезінді. Ал ол кезде ұлттық кадрларды іріктейтін, зерттеп-зерделейтін, екі тілде еркін сөйлейтін қызметкерлер некен-саяқ еді. Өліара шақтағы ауыр жүк сондай мамандарға жүктелді. Солардың бірі Рамазан Боқанов болатын.

Намыс сынға түскен сәт

«Не істеу керек?» (Н. Чернышевский) деген бір романға жүк болған сауал осы сәтте туындады. Өмір бойы орыс тілінде тыныс алып келген қауіпсіздік органдарын заман талабына сай қайта құрып, енді ұлттың қауіпсіздігіне жауапты арнаулы қызмет құру мәселесі күн тәртібінде тұрды. Міне, осы міндетті Рамазан Боқановтың қатарластары, әріптестері ойдағыдай орындай білді. Осы сапта өзінің де болғандығын, жаңа қызметтің негізін қалау жолында күн-түн қатып еңбек еткенін мақтаныш етеді. Қазір ғой, арада отыз жыл өткен соң, бәрі де айтуға жеңіл. Ол заманда бұл ұлттық намыстың сынға түскен кезі еді...

Полковник Рамазан Боқановтың адамгершілік қасиеттері туралы да көп айтуға болады. «Түсі игіден түнілме» дейді қазақ. Қалай тауып айттыған! Кейіпкеріміз кімді көрсе де әрдайым жылы жүзімен, жайдары күлкісімен амандасады. Арғы жағынан жүрегінің жылуы сезіліп тұрады. Жығылғанды демеп жіберу, көмекке мұқтаж адамға қолұшын созу бала күннен қалыптасқан әдеті секілді. Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның



«Әр ісің мінезіңе айналсын, ал мінезің әдетке айналыс» деген сөзі осындай еріксіз еске түседі. Әрине, «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деп халқымыз тегін айтпаған. Әкесі Боқан-ның есімі Торғай өңірінің халқына жақсы таныс. Ол кісі де – елге жасаған игілікті істерінің арқасында жұрт жадында қалған жарқын тұлға. «Толарсақтан саз кешіп, ат ауыздығымен су ішкен» қилы кезеңдерде Боқан атамыздың атқарған қайырлы істері халықтың есінде мәңгілікке қалып қойғаны жасырын емес.

«Әке көрген оқ жонар»

«Әке көрген оқ жонар» деп те тегін айтылмаған. Отбасында балаға өсиет ретінде берілетін тәрбиенің бірі – перзенттік парыз. Қартайған ата-анасын бағып-қағу халқымыздың асыл қасиеттерінің бірі. Қазіргідей ақпарат ғасырында, «компьютербасты жарты адамдар» (М.Шаханов) заманында бұл тақырып, тіпті, маңызды бола түсті. Осы орайда, кейіпкеріміздің өз отбасына, әулетіне, ортасына үлгі болғандығын айтып өткен жөн. Қым-қуыт, қарбаласқа толы әскери қызметтің арасында уақыт тауып, сонау Торғай жеріндегі қартайған ата-анасын Астананың іргесіне көшіріп әкеліп, перзенттік парызын өтеді. Қоғамдағы осыған кереғар жағымсыз оқиғаларды естігенде есіме полковник Боқановтың ата-анасына деген осы құрметі ойға түсіп, «шіркін-ай, осындай жандарды кеңінен насихаттаса ғой» деп ойлаймын. «Отан – отбасынан басталады» деп айтып жатамын. Шын мәнінде, барлық мәдениет, адамгершілік, ізгілікті істер отбасындағы тәрбиеден басталады.

Асылдың бірі – адалдық

Тағы бір мысал. Қайбір жылы сонау Ресей жеріндегі «Долина памяти Н.И.Орлова» деген ізшілер отрядынан хат келді. Жүрегі жылап отырып оқығандығы әлі есінде. Ұлы Отан соғысына аттанып, содан хабарсыз кеткен немере атасы (әкесінің ағасы) бар еді. Соғыстың біткеніне қаншама жылдар өтсе де Боқан әулеті сол Қайыр аталарының бір хабарын біле алмай жүргені жанға бататын. Тіпті, туған ағасын бір көруді армандаған туған інісі Боқан жарық дүниеден өтіп те кеткен-ді. Бірақ, атақты қолбасшы А.Суворовтың: «Война не окончена, пока не похоронен последний солдат» деген сөзі рас екен. Новгород облысынан келген ізшілер хатын оқып отырғанда соған тағы да бір рет көз жеткізді. Ал хаттың тобықтай түйіні мынадай: аталған облыстағы Васильевщина деревнясының маңайынан Қайыр атасының сүйегі табылыпты. Соған қатысты болатын қайта жерлеу рәсіміне шақырыпты. Отбасындағы тәрбие мұндай кезде қалайша жоқ десін. Бір әулеттің бас көтерер азаматы ретінде қасына баласын, бауырын ертіп, Ресейдің сонау батыстағы бұрынғы майдан даласына сапар шегуіне тура келді. Ата сүйегін арулап, әскери құрметпен жер қойнауына тапсырды. Зират басында Ресей мен Қазақстанның мемлекеттік Әнұраны орындалды. Ал Құран оқылған сәтте губернатордың малдас құрып отыра қалғандығы Боқан әулеті өкілдерінің жүрегін тебiрeнттi...

Полковник Рамазан Боқановтың өмір жолынан мұндай мысалдардың талайын айтуға болады. Ал кейіпкеріміз үшін ең маңыздысы – дүниеге адам болып келген соң, адам болып өмір сүру, адам болып қалу. Адамгершілік құндылықтарын бәрінен де жоғары ұстау. Өйткені, ол «Малым – жанымның, ал жаным – арымның садағасы» деген сөзді ту ете білген алаш ұрпақтарының өкілі екендігін ұмытпауымыз керек.

Қайрат ТЕРЕКБАЕВ,
ҰҚК-ның запастағы полковнигі
АСТАНА ҚАЛАСЫ

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ӨЗБЕКСТАН НАРЫҒЫНА ЖОЛ АШЫҚ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жаңа құжат бойынша баяндама жасаған сенатор Серік Шайдаровтың айтуынша, бұл келісім қазақстандық бизнестің Өзбекстан қызметтері нарығына преференциялық қолжетімділігін қамтамасыз етудің маңызды тетігі болмақ.

Жалпы, заңның негізгі мақсаты қазақстандық көрсетілетін қызметтерді экспорттаушылар үшін әріптестер нарығына қолжетімділікті, қазақстандық капиталдың қатысуымен кәсіпорындар құру үшін мүмкіндіктерді кеңейту, инвестициялар тарту және өзара инвестицияларды қорғау үшін қосымша жағдайлар жасау. Бұл экономикалық мәміленің тараптары – Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан Республикасы және Ресей Федерациясы. Қазақстан Республикасының Ресеймен, Қырғызстанмен, Армениямен және Беларусьпен қызметтерін сату шарттары Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде реттеледі. Тәжікстанмен қызметтер саудасы олардың Дүниежүзілік сауда ұйымы шеңберіндегі міндеттемелерінде көзделген шарттармен жүзеге асырылады.

Ал, Өзбекстан Дүниежүзілік сауда ұйымының және Еуразиялық экономикалық одақтың мүшесі емес, сондықтан осындай арнайы шара қабылданып отыр.

Келісім бойынша әріптестік нарықтарда ТМД-ға қатысушы елдерден көрсетілетін қызметтерді жеткізушілер

үшін неғұрлым тиімді жағдайлар белгілеу, ұсыну және қамтамасыз ету, оның ішінде көрсетілетін қызметтердің өзара саудасын кеңейту, инвесторлар үшін құқықтық кепілдіктер айқындау, екінші тарап инвесторларының инвестицияларына оның аумағында толық қауіпсіздік пен қорғауды ұсынуды көздейтін қолайлы жағдайлар тудыру қарастырылған.

Келісім шеңберінде сондай-ақ инвестор мен келісім тарапы арасындағы инвестициялық дауларды шешу тетігі көзделген. Сонымен қатар, Өзбекстан келісім шеңберінде заңгерлік, салықтық, бухгалтерлік, сәулет, инженерлік, IT-қызметтерін, туризмді және басқа да бірқатар секторлармен қатар қызметтердің 54 кіші секторын ырықтандырады, бұл қазақстандық компаниялардың өзбек нарығына шығуы үшін қолайлы жағдайлар жасайды.

2024 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы қызметтер саудасының көлемі 916,8 млн АҚШ долларын, оның ішінде қазақстандық қызметтердің экспорты 574,6 млн \$, ал импорт – 342,2 млн \$ құрады. Қазақстан қызметтердің нетто-экспорттаушысы мәртебесін сақтайды, ал экспорт құрылымы негізінен жеке және іскерлік сапарларды, сондай-ақ компьютерлік, бухгалтерлік және сәулет-инженерлік қызметтерді қамтиды.

Қызметтердің еркін саудасы туралы келісім қазақстандық қызметтер үшін өткізу нарығын кеңейтеді. Оның ішінде,

өзбек нарығына қолжетімділікті оңайлату қазақстандық компанияларға көрші елде өзінің қатысуын кеңейтуге мүмкіндік береді, бұл қызметтер экспортының көлемін ұлғайтады. Сауданы ырықтандыру арқылы импорт көлемінің өсуіне мүмкіндік береді, өзара сауданың көлемін өсіреді.

Сенаторлар жаңа құжаттың ішкі нарыққа кері ықпалына қатысты алаңдаушылық білдірді. Мәселен, Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев «ТМД елдеріне берілген осы мүмкіндік біздің кәсіпкерлеріміздің жағдайын қиындатып жібермей ме?» деп сұрады. Сауда және интеграция министрі Жанел Күшікованың айтуынша, бұл келісім инвесторлар үшін қорғау кепілдігін беріп, төлемдердің еркін жүзеге асуын қамтамасыз етеді. ТМД елдері арасында үшінші елдерге қарағанда сауда қызметі артады. Бұл әлемдік үрдіс. 2030 жылдарда қызметтер экспорты мәселен Қазақстан үшін қазіргі 1 млрд доллардан 3 млрд долларға дейін артады. Қазақстан ТМД елдері арасында қызметті экспорттаудан көш басында келеді. Дүниежүзілік сауда ұйымдарына мүше көрші елдер бұған жол ашып қойған. Бұл келісім аясында аталмыш ұйымға мүше емес Өзбекстан қызмет секторы бойынша өзіне міндеттемелер алып отыр. Заң жобасы қабылданса, осы елдің нарығы бізге ашық болып, оған шығатын кәсіпкерлер мүддесі барынша қорғалатын болады. Ал, өзбекстандық қызмет жеткізушілер үшін біздің нарық бұрыннан ашық болатын. Сондықтан бұл келісім аясында оларға қатысты өзгеріс жоқ. Құжат қазақстандық кәсіпкерлердің өзбек нарығындағы жағдайын жақсартады. Заң жобасы қабылданып, Мемлекет басшысының қол қоюына жіберілді.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

ТАЛҚЫ

ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫЛАР ИНСТИТУТЫН ҚАЛАЙ ЖАНДАНДЫРАМЫЗ?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ерлан Сәрсембаев тоқталған келесі мәселе алимент төлемдері болды. Бұл әлеуметтік маңызды санаттардың бірі.

Жыл басында орындауда 283 мың құжат болған, оның 12 835 немесе 4% пайызы проблемалы, олар бойынша алимент төленбейді. Оларға қатысты атқарушылық құжаттың орындалуын қамтамасыз ететін мәжбүрлеп орындату шаралары қолданылады. Жалпы айтқанда, аталған проблемалық мәселелерді шешу мақсатында, «Цифрлық сот орындаушысын» 40 айлық есептік көрсеткішке дейінгі сомаларды өндіріп алуға қолдану арқылы оның қолданылуын кеңейту ұсынылды.

Сонымен қатар, министрлік агрегатор-сайттар (яндекс, индрайвер және т.б.) арқылы жұмыс істейтін борышкердің жасырын табысын анықтамақ.

Қазіргі уақытта құзырлы орындар борышкерлердің өзге де кіріс көздерін анықтау және олардан берешектерді өндіріп алу мүмкіндіктеріне талдау жасамақ.

Министр көтерген тағы бір мәселе, борышкерлердің мүлкін аукционда сату мәселесі. Заңсыз құрылыстарды бұзу және бөлшектеу жөніндегі сот шешімдерін орындаудың күрделілігі. Әдетте, құрылыстарды бұзуды жүзеге асыру борышкерлерге жүктеледі. Алайда, борышкерлер қажетті қаражаттың болмауына байланысты бұзуды өз бетінше орындаудан бас тартады. Мұндай жағдайларда, атқарушылық іс жүргізу туралы заңнамаға сәйкес, шешімді орындау, оның ішінде көрсетілген шығындарды өтеу, одан әрі борышкерден атқарушылық іс-әрекеттер жасау жөніндегі шығыстарды өндіріп алуды ескеріп, өндіріп алушының есебінен жүзеге асырылуы мүмкін.

Қорытындылай келе, жеке сот орындаушылар институтын дамыту және мәжбүрлеп орындату мәселелері біздің бақылауымызда деді министр.

Шолпан РАҚЫМҚЫЗЫ,
«Заң газеті»


жағдай: теңгемен есептесек, баға екі есеге жуық өсті. Қазақстанда алтын бағасының өсуі теңге нарығында да көрініс тапты. 2025 жылдың сәуір айының ортасындағы деректерге сүйенсек, 24 караттық алтынның бір унциясы 1 673 952 теңгеге жеткен. Бұл жыл басынан бері 21,5% өсу деген сөз. Бір грамм алтынның бағасы – 55 173 теңге шамасында.

Отандық сарапшылардың айтуынша, бұл тек бастамасы болуы мүмкін. Халық арасында алтынға деген сұраныс артты, әсіресе инвестициялық монеталар мен алтын құймаларына. Қаржы ұйымдары да алтынмен байланысты инвестициялық өнімдерді көбейтіп жатыр.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

ХАЛЫҚ ПЕН НАРЫҚ

АЛТЫН БАҒАСЫ ШАРЫҚТАП ТҮР



Соңғы жылдары әлемдік экономика түрлі дағдарыс толқындарын бастан өткеріп жатқанда, алтын – адамзат тарихындағы ең көне әрі сенімді құн өлшемі ретінде өз мәртебесін тағы да дәлелдеді. 2025 жылдың сәуірінде алтын бағасы тарихи шарықтау шегіне жетіп, әлем бойынша инвесторлардың ерекше назарын аударуда.

16 сәуірдегі бір унция алтынның бағасы 3 290,10 АҚШ долларына жетіп, бұрын-соңды болмаған рекорд орнатты. Бұл жағдайдың туындауына бірнеше негізгі факторлар әсер етті: АҚШ пен Қытай арасындағы сауда шиеленістерінің ушығуы, АҚШ долларына деген сенімнің азаюы, әлемдік қор нарықтарындағы тұрақсыздық және геосаяси қатерлердің өсуі. Алтынның мұндай

күрт өсуі – оның қауіпсіз актив ретінде маңызын тағы да еске салып отыр. Қаржы нарығындағы белгісіздік жағдайында алтын – инфляциядан, девальвациядан қорғанудың негізгі құралдарының бірі.

Қазақстандағы

Сіз не дейсіз?

Айгүл ЖҰМАНОВА, қаржы сарапшысы, экономика ғылымдарының кандидаты:

– Алтын бағасының өсуі – жаһандық үрдістердің тікелей нәтижесі. Біріншіден, АҚШ пен Қытай арасындағы сауда қақтығыстары қайта ушықты. Екіншіден, АҚШ долларының әлсіреуі – алтынға деген сұранысты арттырды. Үшіншіден, Ресей мен Таяу Шығыстағы геосаяси қақтығыстар, мұнай бағасының тұрақсыздығы және басқа да қауіп-қатерлер – инвесторларды «қауіпсіз аймаққа» көшуге итермеледі. Осы факторлардың барлығы алтын бағасына тікелей әсер етеді. Алтынның бағасы көтерілген сайын, зергерлік бұйымдар мен алтын құймаларының құны да өседі. Бұл халықтың алтын бұйымдарын тұтыну деңгейін төмендетуі мүмкін, бірақ инвестициялық тұрғыда, керісінше, сұраныс артуы мүмкін. Халық өз жинақтарын алтынға салу арқылы құнсызданудан қорғанғысы келеді.

Егер қазіргі геосаяси және экономикалық жағдайлар сақталса немесе шиеленісе түссе, алтын бағасының өсуі әбден мүмкін. Кейбір халықаралық сарапшылар 2025 жылдың соңына дейін унциясы \$3 600 немесе одан да жоғары шекке жетуі мүмкін екенін айтады. Бірақ бұл жерде ескеретін бір жайт – алтын бағасы өте құбылмалы. Сондықтан инвестиция жасау кезінде тәуекелдерді де ескеру қажет.

БАСҚОСУ

Алматы қаласындағы Нархоз университетінде 2025 жылдың 18-19 сәуір күндері халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. «Мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттарының өзара іс-қимылының заманауи мәселелері» тақырыбында өткен бұл маңызды жиын мемлекет пен қоғам арасындағы диалогты жаңа деңгейге көтеруді мақсат етті.

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ ДИАЛОГЫНЫҢ КЕЛЕШЕГІ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Конференцияны ұйымдастырған – Narхоз University жанындағы Құқық және мемлекеттік басқару мектебі. Іс-шараға Қазақстан, Германия, Ресей, Өзбекстан және Қырғызстаннан келген 150-ден астам заң шығару, атқарушы және сот билігі өкілдері, қоғамдық кеңес мүшелері, халықаралық ұйымдар мен ҰЕҰ өкілдері, сарапшылар, журналистер және ғалымдар қатысты.

Конференция аясында Нархоз университетіне БҰҰ-ның «Академиялық ықпал» (UNAI) бағдарламасы бойынша №16 Тұрақты даму мақсаты – «Бейбітшілік, әділет және тиімді институттар» саласында Жаһандық хабтың вице-төрағасы мәртебесінің берілгені жарияланды. Бұл мәртебе Оксфорд университеті (Ұлыбритания) мен Бейбітшілік университетімен (Коста-Рика) қатар берілген. Хабтың төрағасы — АҚШ-тағы Джордж Мэйсон университетінің Джими мен Розалин Картер атындағы Бейбітшілік мектебі.

Нархоз университетінің президенті Қанат Қожахмет бұл жетістікті университеттің әділеттілік пен

тұрақты даму бағытындағы академиялық миссиясының дәлелі екенін атап өтті.

Конференция аясында келесі тақырыптар кеңінен талқыланды:

- мемлекеттік органдардың цифрландырылуы және ашықтығы;
- азаматтық қоғам институттарымен өзара іс-қимылдың құқықтық тетіктері;
- қоғамдық кеңестердің рөлі мен олардың заңнамамен сараптаудағы маңызы;
- жасанды интеллектіні енгізудің этикалық мәселелері;
- жаһандық өзгерістер жағдайында қоғамдық институттардың тұрақтылығы.

Нархоз университетіндегі бұл конференция — Қазақстан мен Орталық Азияда мемлекет пен қоғам арасындағы өзара іс-қимылды нығайтуға, азаматтық бастамаларды қолдауға және тиімді институттар құруға бағытталған маңызды қадам. Мұндай кездесулер өңірлік және жаһандық тұрақты дамудың негізін қалыптастырады.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

ИГІ ІС

Шымкентте Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына 80 жыл толуына орай «80 алғыс сөз» флешмобы басталды.

«80 АЛҒЫС СӨЗ» ФЛЕШМОБЫ БАСТАЛДЫ

Оған қала жастары, спорт және мәдениет қайраткерлері мен зиялы қауым өкілдері қатысуда. Олар арнайы посттар мен мақалалар, бейнежазбалар мен фотоларды әлеуметтік желілерге жариялау арқылы Екінші дүниежүзілік соғыс ардагерлері мен өзге де майдангерлерге деген алғысы мен құрметін көрсетті. Қала жастары Шымкенттен бастау алған флешмобты енді Қарағандымен Ақтөбе өңірлеріне жолдап отыр.

Қазіргі таңда Шымкентте Екінші дүниежүзілік соғыстың – 2, тылдың 1586 ардагері мен Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне теңестірілген 166 ардагер мен 70 соғыс ардагерінің жесірлері бар.

Әкімдіктің баспасөз қызметінің хабарлауынша, қалалық мәслихаттың 2024 жылғы 19 наурыздағы №14/123-VIII шешімі негізінде 1994 адамға мерекеге орай жалпы сомасы 147,1 млн теңге көлемінде бірреттік әлеуметтік көмек көрсетілді. Сондай-ақ соғыс және тыл ардагерлеріне әкімдік пен кәсіпкерлер тарапынан түрлі әлеуметтік көмектер көрсетіліп, қайырымдылық шаралар ұйымдастырылуда. Осы және өзге де жұмыстар жыл бойы жалғасады деп жоспарлануда.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

ЗАҢ ЖӘНЕ ЗАМАН

Конституция – елдің тірегі. Мемлекеттегі барлық заңдардың бастауы да – Конституция. Егемен елдің еңсесін тіктеп, дамудың іргетасына айналған Конституцияның қабылданғанына биыл 30 жыл. Осы отыз жыл ішінде Қазақстанның заңнамалық базасы жаза заңдармен толығып, азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғаудың көкжиегі кеңіді. Мемлекеттік органдардың жұмысы жүйеленіп, өркениеттілік өлшеміне сай жаңғыртылды.

АЙБЫНЫМЫЗ – АТА ЗАҢ



Әр адамның болашаққа деген сенімділігін арттыруға сеп болған Конституциямыз үлкен дайындықпен, терең сараптаумен жасалған маңызды құжат. Еліміз бұл құжатты әзірлеуге мейлінше жіті назар аударды. Себебі тәуелсіздіктің елең-алаңында қабылданған алғашқы Конституцияның бастапқы кезден-ақ кемшіліктері көзге түскені мәлім. Өтпелі уақыттың заңы болғандықтан, бұл заңды екі-үш жылдан соң өзгертуге тура келетіндігін сол тұста-ақ ғалымдар мен заңгерлер айтқан болатын. Оған басты себеб – тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында экономикалық, саяси жағдайлар жиі өзгеріп жатты. Ал қоғамның өзгеруі құқықтық салаға ғана емес, шікі заңдарға да әсер ететіні ақиқат еді.

Ата Заңды дайындауға еліміздегі мықты заңгерлер, тәжірибелі ғалымдар, кәсіби білікті мамандар мен шетелдік сарапшылар топтастырылды. 1995 жылғы 22 мамырдағы Президент қаулысына сай Қазақстан Республикасы жаңа Конституциясының жобасы туралы сарапшылық-консультативтік кеңес құрылды. Осылайша сапалы құжат әзірлеудің алғышарттары әзірленді. Бұл маңызды істің басы-қасында Ю.Басин, В.Ким, А.Котов, Е.Нұрпейісов, Ғ.Сапарғалиев, М.Сүлейменов секілді ғалымдар мен Н.Шәйкенов, К.Колпаков, Б.Мұхамеджанов секілді тәжірибелі құқық қорғаушылар тұрды.

Мойнына елдік іс жүктелгендіктен,

жұмыс тобының мүшелері бірегей елдердің заңдық тетіктерін жан-жақты зерделеді. Жұмыс тобы жиырмадан астам Конституцияның тарихы мен табысты жолын таразыдан өткізді. Осылайша жаңа Конституцияның негізі жасалған болатын.

Мұндағы басты талап – өркениетті ел қалыптастыруға түрткі болған Ата Заңды сараптауға бағытталғанымен, үздік құжаттарды көзсіз көшіруге түбегейлі тыйым салынған еді. Себебі бір елдің болмыс-бітіміне, келесі елдің табиғаты мен менталитеті сәйкес келе бермейтінін уақыт та, тәжірибеде дәлелдеген.

Ресми мәліметтерге қарасақ, құжатты талқылауға еліміздің 3 млн 345 мың тұрғыны қатысыпты. Жұртшылық тарапынан құжат жобасына қатысты 31 мың 886 ұсыныс түссе, соның 1 мың 100-і конституция жобасына енгізілген. Яғни, 1995 жылғы Конституция тақыр жерден пайда болған жоқ. Ол егемен Қазақстанда конституциялық құрылыс орнату үшін бұрыннан жинақталған тәжірибелерді, сондай-ақ ең прогресшіл шетелдік тәжірибелерді барынша толық пайдаланған заң.

Нобель сыйлығының иегері Альберт Эйнштейн айтқандай «Конституцияның күші әр азаматтың оны қорғауға деген шешімінде жатыр. Конституциялық құқықтар әр азамат оны қорғауға үлес қосуды өзінің міндеті деп санаған жағдайда ғана қорғалады». Сол айтпақшы, Конституцияның пәрменділігі оның құрылымының сапасына емес, халықтың көңілінен шығуына тікелей байланысты. Әрбір азамат Конституцияға сүйене отырып өзінің ғана құқығын қорғап қоймай, өзгенің де құқығы мен бостандығына құрметпен қараса, Конституцияның өз мұратына жеткені.

Ж.БЕКЕНОВА,
Ақтөбе облысы көмелетке
толмағандар істері жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық сотының
судьясы

ТҮЙТКІЛ

ҚАРА ЖОЛ ҚАТЕЛІКТІ КЕШІРМЕЙДІ

«Автокөлік – байлықтың, қаржылық жетістіктің белгісі» дейтін түсінік қазір ескірді. Бүгінде кез келген адам көлікті уақытты үнемдеу үшін, өзіне жайлы жағдай туғызып, қалаған жеріне қиындықсыз жету үшін сатып алып жатады. Азаматтардың материалдық мүмкіндігі өскен сайын еліміздегі көлік саны да еселеп көбеюде. Ал сол темір тұлпарды тізгіндеген жүргізушілердің барлығы бірдей жол ережелерін жетік біледі, қара жолдағы ортақ тәртіп пен қағидаларды бұлжытпай сақтайды деп сеніммен айта аламыз. Себебі, күнделікті орын алатын жол көлік апаттары жүргізушілердің жол ережелерін өрескел бұзатынын, ортақ тәртіпке бағына бермейтінін көрсетеді.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне жол қозғалысы ережелеріне қатысты енгізілген өзгерістер де қоғам қажеттілігінен туындаған қадамның бірі. Кодекстегі өзгерістер мен толықтырулар 2025 жылдың 13 наурызынан бері қолданылып келеді. Жаңашылдықтардан байқап отырғанымыздай, биылғы жылдан бастап жолаушыларды автотомобиль салоннан тыс жерде тасымалдағаны үшін жаңа айыппұлдар енгізілді, қарсы жолаққа шыққаны және теміржол өткелдерінің жүру ережелерін бұзғаны үшін, сондай-ақ арнайы қызметтерді жалған шақыртқаны үшін жаза қатаңдатылғанын ескерте кеткеніміз жөн.

Осы жаңғыртулардың қатарында Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстегі 610-бап та бар. Күнделікті өмірде жиі қолданылатын бұл бапқа да өзгеріс қарастырылған. Мұндағы ерекшелік жол қозғалысы ережелерін бұзу нәтижесінде көлік құралдарына немесе өзге де мүлікке зықым келтірген жүргізушілерге 610-баптың 1-тармағына сай 20 АЕК (78 640

теңге) көлемінде айыппұл ғана салынады. Ал бұрын мұндай құқық бұзушылыққа жол берген жүргізушіні алты айға көлік құралын басқару құқығынан айыру не 20 АЕК көлемінде айыппұл салу қарастырылған еді. Жаңа өзгеріс бойынша кінәлі азаматты жүргізуші куәлігінен айыру алынып тасталып, тек айыппұл қалдырылды. Егер азаматтар айыппұлды 7 күн ішінде төлесе, мемлекет қазынасына тек 39 320 теңге берумен шектеледі.

Сондай-ақ жаңа өзгерістерге сай қысқартылған іс жүргізуге прокурордың наразылығы бойынша 1 жыл ішінде шағымдануға болады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 610-бабы 2-бөліміне сәйкес, жол көлік оқиғасы бір жыл ішінде қайталанып орын алған жағдайда, жеңіл дене жарақаты салынса, онда жүргізушіге 40 АЕК (157 280 теңге) көлемінде айыппұл салынуы немесе 9 айға жүргізуші куәлігінен айырылуы мүмкін. Қателіктен сабақ алмаған, құқық бұзушылықты қайталап жасағандарға айыппұл

МІНБЕР

КОНСТИТУЦИЯ – МЕМЛЕКЕТТІҢ АЛТЫН ТҰҒЫРЫ

Заң – мемлекеттің алтын тұғыры. Мемлекеттің дамуы, ілгерілеуі осы тұғырдың мықтылығына тікелей байланысты. Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы, өз Тәукенің Жеті жарғысы секілді пәрменді заңдар кезінде қазақ елінің қуатты да күшті мемлекет болуының негізін қалағаны мәлім. Осыдан-ақ байырғы бабаларымыздың заңға бас игенін бағамдау қиын емес. Ал сол даналыққа толы дала заңдарынан тамыр алған Конституциямыздың қабылданғанына биыл 30 жыл толмақ.

1995 жылдың 30 тамызы тәуелсіз Қазақстанның тарихында алтын әріптермен жазылған ерекше күн. Осы күні қазақ халқы тарихи маңызды шешім қабылдап, өзінің бас құжаты Ата Заңын қабылдады. Халықтық заң атанған Конституцияның дайындауға барша жұртшылық белсене атсалысты. Ресми мәліметтерге сүйенсек, осы сындарлы шақта бас құжатты талқылауға еліміздің 3 миллионнан астам тұрғыны қатысқан екен. Сондай-ақ сайлауға құқығы бар азаматтардың 90 пайызы референдумға келген. Осы азаматтардың 7 миллионнан астамы Конституцияның нұсқасын қолдап дауыс берген.

Ата Заңда мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық деп дәйектелген. Соған сәйкес бас құжаттағы барлық игілік халық үшін, барша тетік азаматтардың қауіпсіз ортада татулық пен бірлікте тірлік етуіне бағытталған еді. Бас құжатты дайындау барысында халықаралық талаптар назарға алынып, ел тұрғындарының мүддесін қорғауға қатысты мүмкіндіктер толық ескерілгендіктен, Қазақстан Конституциясы туралы сарапшылардың пікірі оң. Әлемдегі ең жас Конституциялардың бірі саналса да, біздің Ата заңымыз өзінің нақтылығымен, дәлдігімен көпшіліктің құрметіне бөленген.

АҚШ-тың 16-шы Президенті Авраам Линкольн «Конституцияда ештеңені бұзбаңыз. Мұны сақтау керек, өйткені бұл біздің бостандығымыздың жалғыз кеп-

ілі», – деген екен. Шалғайдағы Америка көшбасшыларының бірі айтқан бұл сөз барлық елде өзекті, бағалы. Расында, мемлекеттің бүгіні мен болашағының жарқын болуы, ертеңгі күнге деген сенімнің мықтылығы Конституция нормаларының дұрыс сақталуына тікелей байланысты. Міне, 30 жылдан бері еліміздің тыныштығын күзетіп, татулығының тамыршысы болған Конституцияның тарихын білу, маңызын насихаттау идеологиялық, құқықтық жұмыстың ауқымды тармағы.

Қазақстанның Конституциясы тоғыз бөлім мен тоқсан сегіз баптан тұрады. Ата Заңдағы ең алғашқы баптың: «Қазақстанның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары», – деп басталуы халықтың сенімділігін арттырып, ертеңгі күнге деген үмітін нығайтады. Бас құжаттың адами құндылықты алдыңғы орынға шығаруы мемлекетімізде адам мен оның өмірі, құқықтары мен бостандықтарының өте жоғары дәрежеде қорғалатынын көрсетеді. Мұндай заңдық тетік адамдық қадір-қасиетімізге қол сұғылмауының, тіліміз бен дініміздің дамуының, ар-ождан бостандығының қорғалатынын, адал еңбегімізбен тапқан мүлкіміз бен меншігіміздің сақталатынының айнымас кепілі.

Мемлекеттің тәуелсіздігін нығайтып, экономикалық реформаларды жүргізудің басты құралына айналған Ата Заңды тек мерейлі даталарда немесе Конституцияны қабылданған күні



Бибайым НАЛИБАЕВА,
Жаңақорған аудандық
соты әкімшісінің басшысы

ғана еске алып, елеу дұрыс емес. Еліміздің барлық заманаларының басында тұрған бұл құжатты кімдердің дайындағанын, сапалы заңнама әзірлеу барысында қандай іс-шаралар атқарылғанын үнемі ұрпақ жадында жаңғыртып отырған дұрыс. Еліміздің жастары Ата Заңдағы құқығы мен бостандығына кепілдік беретін әр бапты оқып, біліп өскені абзал. Себебі заңды білген ешқашан зардап шекпейді. Заңды оқыған, құқықтық құжаттардың мән-маңызына үңілген жастар өзі де заңды бұзбайды, өзгенің де құқығын шектеп, бостандығына нұқсан келтірмейді. Сондықтан, Конституцияның адам және азаматтардың құқығы мен мүддесін қорғауға бағытталған баптарын мектеп қабырғасынан оқытып, үнемі талдап отырудың пайдасы орасан. Мектеп бағдарламасына енгізілген құқықтану сабағы Конституциядан бастау алуы керек. Сонда ғана халықтың құқықтық мәдениеті артып, елімізде заң үстемдігі салтанат құратын болады. Отыз жылдық тарихы бар Ата Заңымыздың бұдан кейін де дұрыс бағдар көрсетіп, халықтың қорғаны боларына сенім зор.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің қабылданып, әкімшілік әділет институтының жандануы қоғамға үлкен қозғау саады. Осы реформаның қолға алынуы елімізде әкімшілік соттардың құрылуына, мемлекеттік органдар мен жеке және заңды тұлғалар арасындағы жария-құқықтық дауларды оңтайлы шешуге негіз қалады.

БІТІСТІРЕР ЖАН БОЛСА, БІТІМГЕ КЕЛМЕС ДАУ ЖОҚ

Әсіресе, бұл заң әкімшілік істерде тараптардың татуласуына толық жол ашуымен ерекшелініп отыр.

Кодексте жария-құқықтық дауларды татуластыру рәсімдерін жүргізу арқылы реттеу қарастырылған. Татуластыру тетігі мемлекеттік органдар жұмысының сапасын көтеруге бағытталған әкімшілік әділет институтының тиімді инструменттерінің бірі. Бұл құжат қолданысқа енгізілгенге дейін екі тараптың бірі мемлекеттік орган болғанда татуласу келісімін жасауға жол берілмейтін. Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі жылдар бойы қалыптасқан осы қағиданы бұзды. Осылайша әкімшілік істерде судья процестік бүкіл сатысында тараптардың татуласуы үшін шараларды қабылдайды, әрі оларға дауды реттеуге жәрдемдеседі.

Кодекстің 120,

121-баптарында көрсетілгендей, әкімшілік сот ісін жүргізудің барлық сатысында сот шешім шығаруға кеткенге дейін тараптар татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасасу арқылы әкімшілік істі толығымен немесе ішінара аяқтай алады.

Әкімшілік сот ісін жүргізуде медиацияны медиаторлармен қатар судья да жүргізе алады. Ал партисипативтік рәсім судьяның қатысуынсыз «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» заңға сәйкес екі тарап адвокаттарының не заң палатасы мүшелерінің жәрдемдесуімен өткізіледі.

Татуластыру рәсімі барысында мына шарттар басшылыққа алынады. Біріншіден, тараптар татуласуы үшін жауапкердің яғни, әкімшілік орган, лауазым иесінің

әкімшілік қалауы болуы керек. Екіншіден, татуласу тараптардың ерікті келісімімен жазбаша нысанда жасалуы тиіс. Үшіншіден, татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім мәжбүрлеу тәртібімен орындау талабына сай келу керек. Ең бастысы, келісім, оның шарттары заңға қайшы келмеуі, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін бұзбауы керек.

ӘРПК талаптарына сәйкес татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімді бекіту мәселесі сот отырысында немесе алдын ала тыңдауда қаралады, нәтижелері бойынша сот осындай келісімді бекіту не одан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарады. Бүгінде заңның осы мүмкіндігін пайдаланып өзара татуласып, ортақ келісімге келіп жатқан тараптар көп. Бұл тараптардың уақыты мен қаржысын үнемдеуге, соттың жүктемесін төмендетуге, қоғамдағы даукесті азайтуға айтарлықтай оң әсерін тигізіп келеді.

Ботагөз ӨМЕН,
Алматы қаласы
әкімшілік істер
жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық
сотының судьясы

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

Аягүл РАМАЗАНҚЫЗЫ, экобелсенді, журналист:

«БІЗ ПЛАСТИКТЕРМЕН БОЛАШАҚТЫ УЛАП ЖАТЫРМЫЗ»

– Аягүл, сіз Қазақстанда қоқыс сұрыптау қажеттігін айтып жүрген белсенділердің бірісіз. Біздегі бүгінгі эко-ахуал жайлы не айтар едіңіз? Өзіңізге бұл идея қалай келді?

– Бұл идея, бұл ой бүгін пайда болған жоқ. Экология мәселесі бұрыннан айтылып жүр, көтеріліп те келеді, бірақ аз айтылып жүр. Біз өзіміз көп қабатты үйде тұрамыз. Сол жерде контейнерлер толып тұрады аузы-мұрнынан шығып. Өзіміз көбіне қоқысымызды шығарғанда соған тастаймыз да, болды қоқысымыздан құтылдық деп ойлап, қуанып кете береміз. Шын мәнінде олай емес. Ол қоқыс айналып-айналып өзімізге келеді, болашақ ұрпақтарымыздың алдынан шығады. Үй аулаларындағы аузы-мұрнынан асып, тасып төгіліп жатқан қоқыстарға қарап үнемі жүрегім ауырады.

Сосын менің әкем марқұм Нарынқол өңірінде орманшы болды. Табиғатты өте жақсы көретін, оған жаны ашитын адам еді. Біз жақта көпшілік ол кезде қарағай кесетін. Әкем заңсыз ағаш кескен кісілерге айыппұл салады, жазаға тартады. Ол кісілер үйге келеді әкемнен кешірім сұрап, сол кезде әкем жаны күйіп ұрсып отыратын: «Айналайын ау, өсіп келе жатқан жас талды, көк талды емес, құлап қирап жатқан ағашты кессеңші ең болмаса» деп. Біз соның бәрін көріп өстік. Жылда көктем сайын, күз сайын ағашты қандай еңбекпен, маңдай терін төгіп жүріп отырғызып жататынын және оны не үшін отырғызатынын көріп, біліп өстік. Соның барлығы бізге сіңе берді, содан кейін бәріміз «обал болады», «сауапты іс», «ысырап жасама», қазір модадағы «минимализм» деген түсінікпен өстік. Сондықтан мен барлық кезеңде де табиғатты аялау керек деген ұстаным ұстанам.

– Табиғатпен үйлесімде өмір сүруге не кедергі? Бұл саладағы бүгінгі талпыныстарды қалай бағалайсыз?

– Бұрынғы үш-төрт жылмен салыстырғанда бізде қазір кәдімгідей даму бар. Жеке компаниялар болсын, мемлекеттің қолдауымен болсын елдегі экоахуал ілгерілеп жатыр. Осыдан екі-үш ай бұрын біз Германияда болып келдік. Сонда қаланы аралап келе жатып, үлкен бір жабық ғимараттың қасынан өттік. Қаланы аралатып жүрген кісі: «Мынау қоқыс өртейтін, өңдейтін зауыт» деп таныстырды. Ана жерден шығып жатқан бір түтін көрмейсіз ғой. Да-



мыған Еуропа деген осы шығар, ол жерде сен қоқысты дұрыс тазалап, бөліп тастамағаның үшін де айыппұл салады. Ал Жапонияда қоқысты қалай сорттау керек, қалай сұрыптау керек деген тақырыпты адамдар жылдар бойы үйреніп жатады. Ал бізде әлі күнге дейін пластик бөтелкені қақпақпен өткіземіз бе, әлде қақпақсыз өткіземіз бе, батарейканы да өткіземіз бе, оларды қайда алады?» деп сұраймыз. Осыған жанымыз ауырады. Бізде енді өкінішке қарай, қоқыстарды сұрыптау, оларды тазалап бөліп, тастау мәдениеті қалыптаспай жатыр. Өйткені ел ішінде ең бірінші насихат аз, үйрету аз. Шетелде мұның бәрін балабақшада үйретеді. Сосын бізде қоқыс қабылдайтын пункттер аз. Басқа өңірлерді білмеймін, бізде ірі қалалардың өзінде, тіпті мегаполис Алматының өзінде қоқыс қабылдайтын жерлер аз.

Сосын бізде менталитет те қызық. Сенің қоқыс өткізетінінді білгеннен кейін адамдар сұрайды, «бұдан саған қандай пайда бар», «бұл үшін ақша бере ме?» деп. Өкінішке қарай бізде экологияға құрмет, табиғатты сүю, қадірлеу мәдениеті қалыптаспай жатыр. Сосын ойлайсың, осы мәдениетті қалыптастыру үшін мемлекет тарапынан мәжбүрлеу керек пе деп,

бірақ олай да айта алмаймыз, әрине, мәжбүрлеу дұрыс емес, ынталандыру мақсатында сыйлықтар ма, білмеймін енді, бірақ бір қосымша нәрселер керек. Бұл сана бізде дамығанша, адамдарды қызықтыратын арнайы бонустар керек сияқты. Сосын бізде әр нәрсені өз орнына салып, жинап жүретін әдет қалыптаспаған. Біз қалай болса солай, қайсысын қайда болсын лақтыра салатын дағдыға үйренгенбіз.

Бізде мысалы, аулаларға, адамдар көп жүретін супермаркеттерге, қоғамдық орындарға қоқыс қабылдайтын нүктелерді көбірек ашу керек. Мектептерге, балабақшаларға экосабақтар көбірек енгізу керек. Экобелсенділер қатарын көбейту қажет. Адамдарды қызықтыратын арнайы бағдарламалар болса және адамдарға қаржылай мотивация беру керек пе деймін?!

Бұған дейін 2025 жылдан бастап целлофан пакеттерді пайдалануға шектеу қойылады деп айтылып еді, бірақ өкінішке қарай ол тағы да бірнеше жылға кейінге ысыралды. Неге десеңіз, өйткені бізде оған халық дайын емес болып шықты. Халықты дайындау үшін бірақ меніңше ешқандай алғышарттар да жасалмады. Мысалы, бізде тек бірнеше су-

пермаркет желілерімен ғана келісім жасалды. Онда да ол пакеттерді сату мәселесі жайлы ғана. Ал, қалған ұсақ дүкендер, көкөніс сататын орындардың бәрінде целлофан пакеттер тегін беріледі. Енді өзіңіз ойлай беріңіз, қаншама адам кіріп-шығып жатыр ол дүкендерге. Тегін берілгендіктен адамдар бір картопты бір пакетке, екі қызылшаны тағы бір пакетке салып алып жатады. Осы жағынан бізге нақты шектеулер қойылу керек. Адамдарға нақты тапсырмамен шектеу қойылмаса ештеңе өзгермейді. Мысалы, қазір Сергек камераларынан адамдар қатты қорқатындықтан ғана тәртіпке бағынып, ереже сақтайды. Сол сияқты бұл мәселеде де бақылау болу керек. Өкінішке қарай ол пакеттер магазиннен шығады да, қоқысқа кетеді. Олар табиғатта бес жүз жылдап шірімей жата береді.

– Целлофан пакеттерден бас тартып, пластиктерді қайта сұрыптау орындарына өткізу үшін халық қандай дағдыны қалыптастыру керек?

– Целлофанды пайдаланбауды адамдар өздерінен бастау керек. Осы тақырыпты көтеріп жүрген менің өзім тіпті әлі күнге дейін ол целлофандардан мүлдем бас тарта алмай жүрмін. Бірақ мүмкіндігінше өте аз пайдаланамын. Маңайымыздағы дүкендегілердің бәрі мені жақсы таниды. Өзімізг шүберек сөмкемді арнайы апарып керегімді соған салып алам. Олар сонда күледі: «елдер неге пакет бермейсіңдер» деп ренжиді, ал сіз «пакетке салма» деп шыр ете қаласыз дейді. Бізде сол жағы ақсап тұр.

– Алматыда пластиктерді, тағы басқа да ерекше сұрыптауды қажет ететін қоқыстарды қабылдайтын қандай орындар бар?

– Бәрін білем деп айта алмаймын, бірақ Алматыда оларды қабылдайтын біраз жер бар. Өзіміз үйден алыс болса да, іздеп жүріп арнайы барамыз. Тұрмыстық химия, пластик, фэри, шампунь құтыларын мен өте аз пайдаланамын, бірақ соның өзінде кейде жиналып қалады. Соларды Алматыда, Райымбек көшесі 225-те Зета дүкені бар, соған апарамыз, магазиннің артында күні-түні 24 сағат бойы контейнер ашық тұрады, сол контейнерге саламыз. Бұдан бөлек, Ecosen деген ұйым бар. Олардың қалада үш нүктесі бар. (Розыбакиев 247, Байзақов 73\1, Нұркент, Алматы Арена жақта), сол жерде пластиктердің бүкіл маркировкасын қабылдайды. Айтпақшы, бізде тағы бір үлкен проблема бар, ол телефонның зарядкалары, электрошнурлар мен батарейкалар. Осы Ecosen желілерінде осылардың бәрін қабылдайды. Алматы қаласында Тепло деген жоба бар, қалада оның 25 боксы бар. Бұл жер киімлейтін киімдерді қабылдайды. Әдетте біз кимейтіндерімізді қоқысқа тастап жатамыз ғой. Ол да дұрыс емес. Тепло қайырымдылық желісінде іске жарайтын киімдерді соған мұқтаж жандарға таратады. Ал жарамайтындары ит мысықтардың приюттарына, соларды жылытуға жіберіледі. Шын ниетіміз

болса барлық дүниені кәдеге жаратуға болады.

– Осы мәселеге қатысты замандастарыңызға қандай кеңес айтар едіңіз?

– Табиғатты аялауға шақырамын. 2019 жылы Экология министрлігі Қазақстанда күн сайын он бес млн пакет қолданылатынын, оның бәрі қоқысқа кететінін айтқан болатын. Одан бері жағдай одан ары сорақы болып кетпесе, бері қарай жақсара қойған жоқ. Ол бізден де көп өмір сүреді. Баламыздың, немере-шөберелеріміздің алдынан шығады. Өз-өзімізді ғана емес, ұрпақты да осылай улап жатырмыз. Көп елдерде оларға шектеу бар. Біз соған жете алмай отырмыз. Болашақта пластикке тұншығатын кездер келе жатыр. Былтырлар Алматыда тау баурайынан етекке түскен қар барысы өлі күйінде табылған еді. Соның асқазанынан целлофан пакет шығыпты. Былай қарасаңыз, биікте, тауда өмір сүретін хайуан ғой. Біз адамзатты қойып енді жан жануарларды улап жатырмыз.

Міне, жаз мезгілі келе жатыр. Адамдардың шөлдейтін уағы. 0.5 пен 1 литрлік сулардың дәурені жүретін кезең. Көпшілікті сол табиғатқа лақтыра салатын бөтелкелердің орнына үнемі өзімен бірге алып жүретін бір арнайы құтыларды алуға шақырамын. Қалтамызға да, табиғатқа да жақсы. Мысалы, мен суды көп ішемін және оған арнайы қауіпсіз ыдыстарды пайдаланамын. Егер дүкеннен сатып алатын болсам, күніне 2-3 пластик бөтелке босатар едім. Ол қоқысқа кетер еді. Бір айда жалғыз өзім жүріп 90 бөтелкені лақтырар едім. Алматыда мен сияқты миллион адам бар. Олар да су ішеді. Сонда күніне 3 миллион пластик бөтелке қоқысқа кетеді. Бәлкім, одан да көп. Ал, екі күнде шамамен 6 миллион. Бір Алматыда ғана. Пластик ешқашан топыраққа сіңбейді. Бықсып, жатқаны жатқан. Оның жерге сіңуі үшін жүздеген жылдар керек.

Мен қыздарға үнемі айтамын, өзін күшті боп киініп алғансың, макияж, маникюр бәрі бар. Бірақ сен бір реттік бөтелкеден су ішіп тұрсың, ол қазір сен емес. Сенің бүкіл салулығыңды андағы пластик бөтелке құртып тұр деп айтамын. Сен трендтегі қыз емессің деп қалжыңдаймын. Сондықтан біріміз бірі реттік бөтелкелердегі суларды алмайықшы. Жастарды соған шақырғым келеді. Сосын көбі «біздің үй тар, оларды сұрыптап отыра алмаймыз» деп жатады. Мен айтар едім, оның ешқандай да қиындығы жоқ. Бір қорапты шетке қоя сал, соған пластик құтылар мен целлофандарды сала бер, болды. Оны сосын жаңағы пункттерге барасың да, жеке жеке сала саласың. Болды, оның ешқандай да қиындығы жоқ. Біз өзіміз бәрін соншалықты қиындатып аламыз.

– Өңірмеңізге рақмет. Істеріңіз алға бассаың.

Сұқбаттасқан
Шолпан РАҚЫМҚЫЗЫ,
«Заң газеті»

ЖАСЫЛ ЕЛ

ҚОҚЫС ӨНДЕУ ДЕ БІР ӨНЕР

Қазақстанда жыл сайын 4,5 млн тоннадан астам қалдық шығарылады. Ал былтыр оны қайта өңдеу деңгейі шамамен 26%-ды құраған. Бірақ бұл жоспарланған 30%-дан төмен. Экология және табиғи ресурстар министрлігі мәлімдегендей, бүгінде қатты тұрмыстық қалдықтарға қатысты мәселелерді шешу үшін 238 млрд теңгеге 98 жоба құрылған. Ең негізгі бағыт – заманауи полигондар салу, қайта өңдеуді дамыту және қалдықтарды бөлек жинау болып отыр.

«Жасыл» экономикаға көшу тұжырымдамасына сәйкес, 2030 жылға қарай коммуналдық қалдықтарды қайта өңдеу көрсеткішін 40%-ға жеткізу жұмыстары қолға алынған. Мұның ішінде қалдықтарды басқару саласындағы жобаларға 3%-бен 3 жылдан 15 жылға дейін несие берілмек. Қазір министрлік әкімдіктер ұсынған құны шамамен 317 млрд теңге болатын 67 жобаны мақұлдаған, оның 43-і қалдықтар қайта өңдеуге бағытталған.

Кейінгі жылдары қоқысты қайта өңдеу мәселесі күн тәртібінде тұр. Өйткені, біздегі сұрыптау мен қалдықтарды қайта өңдеу әлі дұрыс жолға қойылмады. Екіншіден, ірі қалаларда қоқыс үйіндісі күннен күнге артуда. Тағы бір мәселе

– үйден шығатын тұрмыстық қалдықтардың көп жағдайда бір жәшікке тасталуы. Тек үлкен мегаполистерде ғана сұрыпталып отыр, онда да толық емес. Мысалы, Астанада тұрмыстық қалдықтар сары және жасыл түсті контейнерлер бар. Сары жәшік пластик, қағаз, шыны, металл және ұсақ-түйек электронды техника қалдықтарын жинауға арналса, жасыл контейнерге тағам бөліктері, органикалық қалдықтар жиналады. Мұндағы мақсат – полигонға жиналатын қоқыс көлемін кемітіп, еліміздегі қайта өңдеу саласын дамыту.

– Астана қаласының өзінен бір күнде полигонға 1200 тоннаға жуық әр түрлі қоқыс шығарылады. Ал үш жыл бұрын, яғни 2021 жылы бұл

көрсеткіш тәулігіне 800 тонна ғана болатын. Мұндағы басты себеп – Астанадағы тұрғындардың көбеюінде. Бізде қала бойынша қатты тұрмыстық қалдық қабылдайтын, экологиялық талаптарға, санитарлық ережелер мен құрылыс нормаларына сәйкес келетін бір ғана полигон бар. Аумағы 70 гектар болатын полигонға тиесілі №1 ұяшықтың ауданы – 12 гектар. 2006-2018 жылдары жұмыс істеп, шамамен 4 млн тонна қатты тұрмыстық қалдық жиылған. Бүгінде аталған полигон ұяшығында қоқыс қабылданбайды. Ал №2 ұяшық деп саналатын аумақтың 97 пайызы қоқысқа толған. Оның сыйымдылығы – 2 млн тонна. Аталған аумақ 2018 жылы жұмысын бастағалы мұнда 1,9 млн тоннадан астам әр түрлі тұрмыстық қалдық қабылданды, – дейді елордадағы Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқарма басшысының орынбасары Медет Есенбекұлы.

Сарапшылар дерегінше, мысалы, жыл сайын еліміз-

де 700 миллион тонна өнеркәсіптік қоқыс пен қалдықтар жиналатын болса, оның 35-40 пайызы денсаулыққа қауіпті улы заттар көрінеді. Ал эколог Әділ-Қасым Жарылқасынұлы қалдықтарды полигонда сақтау – біздің мәселені түбегейлі шешпейтінін айтып отыр.

«Мемлекет қалдықтарды қайта өңдеу бойынша жоспарлы жұмыс жүргізсе ғана қазіргі қоқыс полигондарына түскен жүктемені барынша азайта аламыз. Шетелдік тәжірибелерді енгізу арқылы елдегі экологиялық ахуалды жақсартар едік. Екіншіден, тұрғындар арасында әр түрлі қалдықтарды үйден шығарарда саналы түрде бөлек-бөлек сұрыптау мәдениетін енгізіп, өзіміз де жауапкершілікті сезінуіміз қажет. Мысалы, Германия азаматтары пластик қалдықтары мен шыны ыдыстарды бөлек ыдысқа салып, белгіленген орынға тастайды. Әрі осы үрдіс бұзылмау үшін онда қоқыс қызметін қадағалайтын арнайы полиция да бар. Жалпы республикада экологиялық сауаттылықты насихаттауға бағытталған шараларды көптеп енгізген дұрыс», – дейді ол.

Сарапшымыз айтқандай, қоқыс сұрыптау және қайта өңдеу ісі бізден бөлек, шет мемлекеттерде қалай жүзеге

асуда? Айталық, Еуропа елдерінің тәжірибесі бұл салада тіптен мол. Бұл жақта 1980 жылдардың соңынан бастап қалдықтарды залалсыздандыру жанама бағыт алды. Нақты айтқанда, қоқыстарды пайдаға асыру ісі жолға қойылды. Еуропаның кез келген азаматы тұрмыстық қалдықтарды сұрыптамай, оны қоқыс жәшігіне тастамайды екен.

Қалдықтарды сұрыптап, қайта өңдеу ісі бойынша Германия Еуропада алдыңғы орында. Немістердің әрқайсысының пәтерінде қоқыс жинауға арналған кемінде үш түрлі ыдыс болады. Ол кейде тіпті сегізге дейін жетеді екен. Үкімет ескі батарейкалар мен аккумуляторлар ерекше әдіс арқылы жойып отырады, өйткені онда жоғары токсинді улы заттар бар. Ескі киімдер арнайы контейнерге тасталады. Сондай-ақ, Германияда кез келген сусынның бағасына ыдыс құны қосылады екен. Босаған кезде оны өткізіп, ақшасын кері қайтарып алуға болады. Тағы бір қызықты дерек, Берлиндегі жасөспірімдер егер қоқыс жинап, оны өткізсе, қаржылық марапатқа ие болады.

Ұлыбритания азаматтары да қоқыс сұрыптауға қатаң қарайды. Ал Франция қоқысты сұрыптап жинау әдісі мен қайта өңдеу арқылы 30% алюми-

ний, 50% әйнек және газет қағазын өндірсе, Финляндия көшелерінде жәшікке ұқсас арнайы ыдыстар қойылған.

Көрші Қытай елі қоқыс жинауды кәсіпке айналдырап алғанды. Мұндағылар күнде таңертең айналасын шолып, қағаз, шөлмек, пенопласт жинап өңдеуге өткізеді. Әрине, бұл үшін ақшасын алатыны белілі. Соның өзінде Қытайдағы кейбір қалалардың айналасы қоқысқа толып қалған. Америкада қалдықтар, пластик бөтелкелер жиналып, арнайы контейнерлерге салынып, жиналған қоқыс сұрыптауға кетеді. Іріктеуден өткен қалдықтар қайта өңделеді. Есесіне қағаз, пластмасса, шөлмектер сияқты тауарлар жасалады. Бірақ қоқыстан жасалған ол тауарларға міндетті түрде неден жасалғанын білдіретін арнайы белгі соғылады екен.

Жапондықтар қалдық өңдеу ісінде тым ілгері кеткен елдердің бірі. Тіпті аталған елде органикалық қалдықтардың өзінен құрылыс материалдарын жасап шығарады. Тағы бір кереметі, Жапонияда тұрмыстық қалдықтарды өртейді, ал одан алынған энергияны жылыту үшін қолданады. Тұрмыстық техникаларды қайта бұзып, өңдейтін көрінеді. **Шернияз ЖАЛҒАСБЕКҰЛЫ**

АСЫЛ МҰРА

ҚОЛДАНЫС АЯСЫ КЕҢЕЙСЕ – ТІЛДІҢ ТЫНЫСЫ АШЫЛАДЫ

Қазақ халқы бүгін елдік мұраттар тұрғысындағы бары мен жоғын түгендеп, еңсесін көтеріп келеді. Төл дүниетанымы мен болмысымызды айшықтай түскен сайын азаттық тұғыры да нығайып, биіктей түсетіндігіне тарих куә.

Тіл – адам мен адамды, ұлт пен ұлтты жақындастырып, табыстыратын өзгеше құрал. Мемлекеттік тіл мемлекеттік және қоғамдық өмірдегі неғұрлым маңызды функцияларды атқарады. Бұл, ең алдымен, осы мемлекеттің барлық заң актілері қабылданатын тіл.

Рас, азаттық алғалы ана тіліміздің мәртебесін көтеріп, мерейін өсіру үшін аз қажыр-қайрат жұмсалған жоқ. Мемлекет тарапынан біртұтас ел саясаты қалыптастырылып, қазақ тілі мемлекеттік тіл атанды. Оның заңдылық негіздері ҚР Конституциясында, ҚР тіл саясатының тұжырымдамасында, «Тіл туралы» заңда жан-жақты айқындалды.

Алдағы онжылдықта мемлекеттік тілдің, шын мәнінде мемлекеттік басқару тіліне, мемлекеттік іс жүргізу тіліне айналатынына сенеміз.

Сонымен қатар, қыркүйектің 22-сі ҚР халықтарының тілдері күні болып жариялануы – аса маңызды гуманистік қадам. Ол, ең алдымен, тілге, сол арқылы жасалатын мәдениет пен өнерге деген қоғам мен мемлекет тарапынан көрсетілуге тиіс ілтипаттың бір өнегесі деп білеміз. Риддер қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотында 2009 жылдың маусымынан бастап қазақ тілінде жүргізіліп, 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап ішкі құжат айналымы және шығыс хаттары толық мемлекеттік тілде жүргізілді.



Г. ИЛЬБИСИНОВА,
Риддер қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған соты әкімшісінің басшысы

Мемлекеттік тілде ойлайтын, сөйлейтін, қазақтың болмысын ұғатын, өз тілінде ойлап, жаза білетін мамандар сот жүйесінде де біртіндеп көбейіп келеді. Қазақ тілін шын мәнінде мемлекеттік деңгейге көтеріп, заңдағы мәртебесіне лайықты етеміз десек, оған деген сұраныс пен қажеттілікті арттырайық. Қолданыс аясын кеңейтіп, өзге тілдің тасасында қалдырмай, оны өмірдің де, қоғамның да барлық саласында қолданаық. Сонда ғана қазақ тілі лайықты қызмет атқарады.

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

СОТ ІС ҚАРАДЫ

СУБСИДИЯ СОМАЛАРЫ ӨНДІРІП АЛЫНДЫ

Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамының «D KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне дау мәніне дербес талаптарын мәлімдемейтін үшінші тұлға «Халық банк» акционерлік қоғамын тарта отырып, субсидиялар сомасын өндіріп алу туралы талап қоюымен азаматтық істі қарады.

Сотта мынадай мән-жайлар белгілі болды:

- 2020 жылғы 28 тамызда банк пен ЖШС арасында 2025 жылғы 26 тамызға дейінгі мерзімге инвестициялар (коммерциялық жылжымайтын мүлік сатып алу) мақсатында қарыз сомасының жылдық 14% - 410 000 000 теңге беру туралы 2020 жылғы 27 тамыздағы келісімге банктік қарыз шарты жасалған.

- 2020 жылғы 7 қыркүйекте қор мен банк арасында №18000432 портфельдік субсидиялау және кепілдік беру туралы келісім түзілген.

- 2020 жылғы 14 қазанда қордың уәкілетті органы «Бизнестің жол картасы–2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде ЖШС жобасы бойынша субсидия беру туралы шешім қабылданса,

- 2020 жылғы 30 қазанда қор, банк және ЖШС арасында субсидиялау шарты жасалды, оған сәйкес қор қарыз шартында көрсетілген талаптарда банктен алынған кредит бойынша алушының сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялауды жүзеге асырады (сыйақы мөлшерлемесінің 8% бөлігін қаржы агенттігі төлейді, ал қалған бөлігін 6% мөлшерінде кәсіпкер төлейді).

- 2023 жылғы 9 қарашада қор ЖШС-нің жоба бойынша тиімділік өлшемшарттарын орындауына мониторинг жүргізді, оның нәтижелері бойынша тиімділік өлшемшарттарының бірде-бір көрсеткішіне қол жеткізілмегені анықталды.

- 2023 жылғы 21 желтоқсанда қор мониторинг нәтижелері бойынша қарыз алушының тиімділік өлшемшарттарына қол жеткізбеуіне байланысты субсидиялау нысанында мемлекеттік қолдауды тоқтату туралы шешім қабылдады.

- Талап қоюшы талаптарды жауапкердің несиелік қаражатқа коммерциялық жылжымайтын мүлік сатып алуына түрткі болды. Сонымен қатар, мониторинг жүргізу кезінде ЖШС жобасы бойынша тиімділік өл-



Айгүл МҰТАЛЫПОВА,
Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы

шемшарттарының көрсеткіштеріне қол жеткізілмегені анықталып, бұл талап қою үшін негіз болды.

Сот талқылауының нәтижелері бойынша сот талапты қанағаттандыру туралы шешім қабылдады.

Сот ЖШС-ден қордың пайдасына 63 556 998 теңге көлемінде төленген субсидиялар сомасы және жергілікті бюджет кірісіне 1 906 710 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндіріп алынсын деген шешім қабылдады.

Қор мен банк арасындағы өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне сәйкес қайтарылуға жататын субсидиялар сомасы 63 556 998 теңгені құрайды.

Қордың жоба қағидалардың шарттарына сәйкес келмеу фактілерін анықтауы және тиімділік өлшемшарттарын орындамауына байланысты қордың субсидиялауды тоқтату туралы шешім қабылдауы, талап қоюшының төленген субсидияларды өндіріп алу туралы талаптары негізді және заңды деп танылды.

Сот шешімі заңды күшіне енді.

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасау, яғни, ҚР Қылмыстық кодексте көзделген қылмыс не қылмыстық теріс қылық құрамының барлық белгілері бар іс-әрекеттер қылмыстық жауаптылықтың бірден-бір негізі.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУДЕГІ САРАПТАМА ТАҒАЙЫНДАУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған уақытта он алты жасқа толған есі дұрыс жеке тұлға қылмыстық жауаптылыққа тартылуға жатады, кейбір санаттағы қылмыстық істер бойынша қылмыс жасаған уақытта он төрт жасқа толған адамдардың қылмыстық жауаптылығы қарастырылған.

Мысалы, ҚР Қылмыстық кодекстің 15-бабы екінші бөлігіне сәйкес егер адам өлтіргені, денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіргені, зорлағаны, адам ұрлағаны, халықаралық қорғауды пайдаланатын адамдарға немесе ұйымдарға шабуыл жасағаны және тағы басқа қылмыстар бойынша қылмыс жасаған уақытта қылмыскер он төрт жасқа толған болса, онда ол қылмыстық жауаптылыққа тартылады.

Сонымен қатар, ҚР Қылмыстық кодексінде көзделген жағдайларда қоғамға қауіпті іс-әрекетті жасаған уақытта есі дұрыс емес күйде болған, яғни созылмалы психикалық ауруы, психикасының уақытша

мыс, кәмететке толмағандарға жасаған тиіспеушілігіне жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыс, азаптаулар, жеке адамға қарсы ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған адамдарға қолданылмайды. Көрсетілген шектеу он төрттен он сегізге дейінгі жастағы жынысқа қарсы қылмыс жасаған кәмететке толмағандарға қолданылмайды.

Қылмыстық-процестік кодекстің 111-бабына сәйкес заңды түрде алынған, олардың негізінде анықтау органы, анықтаушы, тергеуші, прокурор, сот аталған кодексте айқындалған тәртіппен Қылмыстық кодексте көзделген іс-әрекеттің бар екенін немесе жоқ екенін, күдіктінің, айыпталушының немесе сотталушының бұл әрекетті жасағанын немесе жасамағанын, оның кінәлілігін не кінәсіздігін, сондай-ақ істі дұрыс шешу үшін маңызы бар өзге де мән-жайларды анықтайтын нақты деректер қылмыстық іс бойынша дәлелдемелер болып табылады.

Осы мақалада сарапшының қо-

Мән-жайларды анықтау үшін, іс үшін маңызы бар әртүрлі білім салалары негізінде зерттеу қажет болғанда кешенді сараптама тағайындалады және оны түрлі маман-



Д. БЕЙСОВ,
Ақмола облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

дықтағы сарапшылар өз құзыреті шегінде жүргізеді.

Қажетті зерттеулер жүргізілгеннен кейін оның нәтижелерін ескере отырып, сарапшы (сарапшылар) өз атынан қорытынды жасап, оны өзінің қойған қолымен және жеке мөрімен растайды.

Тек заңнамада көрсетілген талаптарға сәйкес ресімделген, сот-сараптамалық зерттеудің барысы мен нәтижелері көрсетілетін құжат сарапшының қорытындысы болып табылады, яғни сарапшының қорытындысы зерттелуге әрі бағалануға тиіс.

Сарапшы қорытындысын зерттеу кезінде оның басқа дәлелдемелерден қандай да болмасын артықшылығының жоқ екенін, алдын ала белгіленген күшінің жоқ екенін және ол іс бойынша басқа дәлелдемелермен қоса талданып, салыстырылып бағалануға жатады.

Ал егер, сот сарапшының қорытындысымен келіспеген жағдайда өз пікірін үкімінде немесе қаулысында тұжырымдап көрсетеді.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, сарапшының немесе маманның қорытындысына байланысты іс үшін елеулі мәні бар, қосымша зерттеуді қажет етпейтін мәселелерді анықтау, сарапшы, маман қолданған әдістерді және пайдаланған терминдерді нақтылау, қорытындының құрамдас бөлігі болып табылмайтын, бірақ сарапшының немесе маманның сотқа дейінгі процеске қатысуына байланысты басқа да фактілер мен мән-жайлар туралы ақпарат алу немесе сарапшының біліктілігін анықтау мақсатында сарапшыдан немесе маманнан жауап алу жүргізілу мүмкіндігі қарастырылған.

Бірақ, сарапшыдан немесе маманнан олар қорытынды бергенге дейін жауап алуға тыйым салынады.

Сарапшыдан тірі адамдарға қатысты сот-психиатриялық, сондай-ақ сот-медициналық сараптама жүргізуге байланысты өзіне белгілі болған, өзінің қорытындысына қатысы жоқ мән-жайлардың себептері бойынша жауап алынбайды.

Осылайша, сот іс жүргізуінде қылмыстық істердің барлық санаттарын тергеуде сарапшылар мен мамандардың берген қорытындылары қылмыстық істер бойынша қабылданатын сот актілерінің заңдылығына өз үлесін қосып, кінәлі адамдардың қылмыстық жауаптылығының заңдылығы бірден-бір негіз болып табылатындығына көз жеткізуге болады.

Сот іс жүргізуінде қылмыстық істердің барлық санаттарын тергеуде сарапшылар мен мамандардың берген қорытындылары қылмыстық істер бойынша қабылданатын сот актілерінің заңдылығына өз үлесін қосып, кінәлі адамдардың қылмыстық жауаптылығының заңдылығы бірден-бір негіз болып табылатындығына көз жеткізуге болады.

бұзылуы, ақыл-есінің кемдігі немесе психикасының өзге де дертке ұшырауы салдарынан өзінің әрекеттерінің іс жүзіндегі сипаты мен қоғамға қауіптілігін ұғына алмаған немесе оларға ие бола алмаған адам қылмыстық жауаптылыққа тартылмайды.

Егер сот-психиатрия сараптамасы жүргізілуге тиіс адамның психикасының уақытша бұзылғаны, яғни ауруының қозуы анықталса және мұның өзі сараптама жүргізуге кедергі келтірсе әрі осыған байланысты оны емдеу қажет болса, онда мұндай адамды психиатриялық стационарда мәжбүрлеп емдеу қажеттілігі туындайды, мұндай жағдайда іс бойынша іс жүргізу тоқтатылып, сот қаулысы негізінде емдеу жүргізіледі.

Заңсыз іс-әрекет жасағаны үшін кінәлі деп танылған және өзіне қатысты тергеу әрекеттері жүргізілуі мүмкін адам қылмыстық жауаптылыққа тартылып тиісінше жазаланып тиіс.

Тағайындалатын жаза мөлшері әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіріп, сотталған адамды түзетіп және сотталған адамның да, басқа адамдардың да жаңа құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу мақсатында қолданылады.

Алғаш рет қылмыс жасаған адамның айыбын мойындап келуі, қылмыстық құқық бұзушылықты ашуға, тергеп-тексеруге ықпал еткені, қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірген зиянды қалпына келтіруі ескеріле отырып, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін. Сыйбалас жемқорлық қылмысты алғаш рет жасаған адамды сот шынайы өкінуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатуы мүмкін.

Аталған ережелер, Қылмыстық кодекстің тиісті баптарында арнайы көзделген жағдайларды қоспағанда, террористік қылмыс, экстремистік қылмыс, қылмыстық топтың құрамында жасалған қыл-

рытындысы мен айғақтарына назар аудару ұсынылады.

Іс үшін маңызы бар мән-жайлар ғылыми білім негізінде жүргізетін зерттеу нәтижесінде алынуы мүмкін жағдайларда сараптама тағайындалады.

Егер іс бойынша өлімнің себептерін, денсаулыққа келтірілген зиянның сипаты мен ауырлық дәрежесін, іс үшін маңызды болып, бірақ жасы туралы құжаттар болмаған немесе күмән туғызған жағдайларда, күдіктінің, қорғалуға құқығы бар куәнің, айыпталушының, есінің дұрыстығы немесе қылмыстық процесте өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін өзі қорғау қабілеті күмән туғызғанда, олардың психикалық немесе физикалық жай-күйін, жәбірленушінің, куәнің іс үшін маңызы бар мән-жайларды дұрыс қабылдау және олар туралы айғақтар беру қабілеті күмән туғызған жағдайларда, олардың психикалық немесе физикалық жай-күйін немесе істің басқа дәлелдемелерімен анық белгіленбейтін өзге мән-жайларын анықтау қажет болғанда, сараптаманы тағайындау және жүргізу міндетті.

Сараптама процеске қатысушылардың бастамасы бойынша тағайындалуы мүмкін. Өздерінің құқықтары мен мүдделерін немесе өздері өкілдік ететін құқықтар мен мүдделерді қорғайтын процеске қатысушылар қылмыстық процесті жүргізетін органға өздерінің пікірі бойынша сарапшының қорытындысы берілуге тиіс мәселелерді жазбаша түрде ұсынады, зерттеу объектілерін көрсетеді, сондай-ақ сарапшы ретінде шақырылуы мүмкін адамды атайды.

Сараптаманы сарапшы жеке-дара не сарапшылар комиссиясы жүзеге асырады, ал комиссиялық сараптама күрделі сараптамалық зерттеулер жүргізу қажет болған жағдайларда тағайындалады және оны бір мамандықтағы кемінде екі сарапшы жүргізеді.

МЕРЕЙ

Мемлекеттік тілге құрмет, мемлекеттік тіл саясатын дамыту, қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту мәселелері еліміз егемендік алған жылдардан бастап тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Тіл мәртебесінің нығаюына ықпал ететін, қоғам үшін қажетті тілге айналдыру мақсатында түрлі шаралар да ұйымдастырылуда.

«БАЛЫҚ ТІЛСІЗ БОЛСА ДА, ХАЛЫҚ ТІЛСІЗ БОЛМАЙДЫ»

Мемлекеттік іс қағаздары да қазіргі таңда біртіндеп мемлекеттік тілге көшіп жатыр. Жалпы, қоғамның қазақ тіліне деген мұндай бетбұрысы мәжбүрлі түрде емес, қоғам қажеттілігінен, уақыт сұранысынан туындап отырғаны қуантады. Мұндай бетбұрыс алдағы уақытта қазақ тілін өз биігіне шығарары анық.

Сот жүйесінде де қазақ тілінің көкжиегі жыл өткен сайын кеңейіп

келеді. Қазіргі таңда сот ісін жүргізу тілі сотқа талап қою берілген тілге байланысты сот ұйғарымымен белгіленеді. Мәселен, азаматтық іс бойынша процесс бастапқы белгіленген сот ісін жүргізу тілінде жүзеге асырылады. Істі сот талқылауына дайындау кезінде екі тараптың да жазбаша өтінішхаты бойынша сот ұйғарымымен сот істі жүргізу тілін өзгертуге құқылы. Бұл ең алдымен

азаматтардың тілге қатысты құқығы бұзылмауы үшін жасалып отырған жағдай. Іс жүргізіліп отырған тілді білмейтін немесе жеткілікті түрде білмейтін сот отырысына қатысатын тұлғаларға аудармашының қызметтерін тегін пайдалану құқығы түсіндіріледі және қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар, оларға қажетті іс материалдарының аудармасымен тегін қамтамасыз етеді. Қазіргі таңда еліміздің сот отырысында тілге қатысты осындай жүйе қалыптасқан. Қоғамымызда тілге қатысты барлық жағдай жасалып, азаматтардың тіл білмеуінен құқығы бұзылуына жол берілмейді. «Балық тілсіз болса да, халық тілсіз болмайды» дегендей халықтың ана тілін сақтауы, мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыруы – парыз!

Дарина БУТУГУЗОВА,
Ақтөбе қалалық соты
әкімшісінің бас маманы-сот
отырысының хатшысы

БІР МҮДДЕ

БАҚТЫБАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІ САЙЛАНАДЫ

Жетісу облысының Ескелді ауданында 27 сәуірде Бақтыбай ауылдық округі әкімінің сайлауы болады. Оған кандидаттарды ұсыну 20 наурызда басталып, 1 сәуірде аяқталған болатын.

Үміткерлердің үшеуі де өзін-өзі ұсыну жолымен тіркелген. Сонымен қатар бұған дейін 3 ауылдық округте әкімнің орынбасары болып қызмет атқарған. Атап айтқанда, Айдос Аманайұлы Қасиев – Бақтыбай ауылдық округі әкімінің, Қуаныш Ерланұлы Серіков – Қарабұлақ ауылдық округі әкімінің, Абзал Батырұлы Татиев – Алдабергенов ауылдық округі әкімінің орынбасары болған.

Ескелді ауданында бұған дейін 16 наурызда Қайнарлы мен Төлеңгіт, ал 26 қаңтарда Сырымбет ауылдық

округтері әкімдерінің сайлауы өткен болатын. Онда 1967 жылы Ресейдің Алтай өлкесі Қош-Ағач ауылында дүниеге келіп, 1992 жылдан бері Ескелді ауылының Телман ауылында еңбек етіп жүрген Виктор Беленханович Бегенов – Сырымбет ауылдық округінің әкімі болып сайланды. 1997 жылы Жетісу ауданында туған Алмас Құдайбергенұлы Шаихов Төлеңгіт ауылдық округінің тізгінін ұстады. Ал 1972 жылы туған Қаратал ауылының тумасы Даулет Садырұлы Идрисов өзі 2021 жылдан бері атқарып келе жатқан Қайнарлы ауылдық округі әкімі болып қайта сайланды.

Е.ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ТАРАТУ

5. «LEGAL MONEY» МҚҰ» ЖШС, БСН 220440007472, микро-каржылық қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияның күшін жою туралы ерікті түрде Қаржылық реттеу агенттігіне жүгінгенін хабарлайды. Талаптар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: 050000, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 101, «Tole Bi» бизнес орталығы, 3-қабат. Электрондық пошта: info@neocredit.kz. Байланыс тел.: +77089128007.

6. «Сарань Транссервис» ЖШС, БСН 171140024264, өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Қарағанды обл., Саран қаласы, Чкалов көшесі, ғимарат 3/2.

7. «Lab Intellect Service» ЖШС, БСН 180740004240, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Гоголь көшесі, 89А. Тел. +7 771 507 00 59.

8. «Құдабай» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі, БСН 230840014987, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Таң ауылдық округі, Таң ауылы, Мүсірәлі баба көшесі, 7/1 үй. Тел. 87054327030.

9. «Багара-Айна» ЖШС, БСН 160140006423, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, ОҚО, Мақтаарал ауданы, Ынтымақ ауылдық округі, Үшкөпір ауылы, Аубен Ата көшесі, 5-үй, пошта индексі 160533.

10. «AsMaYer» ЖШС, БСН 210340024942, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 13 ықшамаудан, 12-үй, тел. 87089537181.

11. «Discoveries» ЖШС, БСН 230440045000, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Мақатаев көшесі, 126-үй, тел. 87076581335.

12. «АГРОС-ИНТЕРНЕЙШНЛ» ЖШС өкілдігі, БСН 220842009474, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 050012, Алматы қаласы, Алмалы ауданы. Байтұрсынов көшесі, 65А, тел. +77717804390.

13. «Alash joly» ЖШС, БСН 140240031084, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы облысы, Райымбек ауданы, Шалкөде ауылдық округі, Талас ауылы, Шәкірт Қосалыұлы көшесі, 34-үй, тел.: 87778227007.

ӨРТУРАІ

4. «Теміртау қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ ұйымы, БСН 220140005445, өзінің «Теміртау қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ болып қайта құрылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 101400, Қарағанды облысы, Теміртау қаласы, Абай көшесі, 112-үй, электрондық пошта: temirtau_kultura@mail.ru. Тел. 87213444610.

14. «Аманат» авторлық және сабақтас құқықтарды қорғау жөніндегі коммерциялық емес ұйым» ЖМ
Құқық иеленушілермен 31.12.2024 жылға арналған шарттар, оның ішінде ұйымның мүшесі болып табылатындар – 645 (авторлар – 40, орындаушы-авторлар – 44, орындаушылар – 487, фонограмма жасаушылар – 7, продюсерлер – 67), ұжымдық басқаруға құқықтарды беру туралы – 70 (авторлар – 47, орындаушы-авторлар – 11, орындаушылар – 11, продюсерлер – 1).
31.12.2024 жылға пайдаланушылар – 277, оның ішінде телеарналар – 31, радиоарналар – 44, кабельдік операторлар – 35, интернет-хабар тарату – 11, театрлар – 11, қоғамдық пайдаланушылар – 145.
Жиналған сыйақы сомасы – 790 087 164 теңге, оның ішінде авторлық сыйақы – 570 348 405 теңге, сабақтас сыйақы – 219 738 759 теңге.
Бөлінбеген сыйақы сомасы – 22 326 079 теңге, оның ішінде авторлық сыйақы – 16 131 420 теңге, сабақтас сыйақы – 6 194 659 теңге.
31.12.2024 жылға пайдаланушылар – 277, оның ішінде телеарналар – 31, радиоарналар – 44, кабельдік операторлар – 35, интернет-хабар тарату – 11, театрлар – 11, қоғамдық пайдаланушылар – 145.
Жиналған сыйақы сомасы – 790 087 164 теңге, оның ішінде авторлық сыйақы – 570 348 405 теңге, сабақтас сыйақы – 219 738 759 теңге.
Бөлінбеген сыйақы сомасы – 22 326 079 теңге, оның ішінде авторлық сыйақы – 16 131 420 теңге, сабақтас сыйақы – 6 194 659 теңге.
Жиналған және бөлінбеген сыйақы сомасы – 767 761 085 теңге, оның ішінде авторлық сыйақы – 554 216 985 теңге, сабақтас сыйақы – 213 544 100 теңге.
Бөлінген (құқық иелеріне есептелген) сыйақы сомасы – 547 978 250 теңге, оның ішінде авторлық сыйақы – 395 286 798 теңге, сабақтас сыйақы – 152 691 452 теңге.
Төленген сыйақылар сомасы – 339 698 232 теңге, бұрынғы кезеңдерді ескере отырып, оның ішінде авторлық сыйақы – 175 354 591 теңге, сабақтас сыйақы – 164 343 641 теңге.
2024 жылға есептелген сыйақылардың сомасы – 64 333 757 теңге, оның ішінде авторлық сыйақылар – 38 351 593 теңге, сабақтас сыйақылар – 25 982 164 теңге.
2024 жылы жиналған және есептелген сыйақылардың төленбеген сомасы – 141 378 211, оның ішінде авторлық сыйақылар – 91 983 063 теңге, сабақтас сыйақылар – 49 395 148 теңге.
31.12.2024 жылға талап етілмеген сыйақылар сомасы – 91 227 540 теңге.
2024 жылы әкімшілік шығыстарды өтеуге бағытталған сома 219 782 835 теңгені немесе 28,6% құрады.

Бас директор Л.Ю. Балмағамбетова.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.
«Грация» ЖШС, Атырау қаласы,Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ.,Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66,87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы,Қойкелді көшесі 158 а,ЖКО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Вьдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

КӨКЖИЕК

БІЛІМДІГЕ ӨРІС КЕҢ

Шымкент қаласы ғана емес, күллі республика бойынша өз қатарластарының арасында көш бастап тұрған бұл оқушының есімі Серік Нұрым. Шымкенттегі №65 мектеп-гимназиясының 11 сынып оқушысы болашақ мамандығын IT саласымен байланыстыруды қалап отыр. Оған АҚШ, БАӘ, Болгария, Британия, Испания, Германия, Гонконг және Түркия елдерінің 50 жоғары оқу орны өз студенттерінің қатарынан көру үшін шақырту жолдаған.



– Болашақ мамандығымды таңдауда ең алдымен замана талабына сай азамат ретінде қалыптасу мүмкіндігіне басымдық бердім. Сол себепті де IT саласына таңдау жасадым. Себебі, бұл – тек технология емес, болашақты қалыптастыратын алып күш. Тың технология барлық саланың даму тетігіне айналды. Ғаламат өзгерістерді жасайтын көшбасшылар құрамында болу – мен үшін үлкен мотивация болады, – дейді С.Нұрым.

№41 мектеп-лицейінің 11 сынып оқушысы Алина Есенгелдиеваға да АҚШ пен Ұлыбританияның 10 оқу орны қызығушылық танытқан. Олардың арасында: Iowa University, Collegeofthe Atlantic, American University, University of Massachusetts Amherst, Loyola Marymount University, University of the Pacific, MichiganTech, Clarkson

University, Heriot-Watt University Dubai, Clemson University сияқты беделді оқу орындары бар.

«Мен еңбек нарығында сұранысқа ие биомедициналық инженер мамандығына таңдау жасадым. Кейбір университеттер сұхбат өткізді. Бұл да іріктеудің бір бөлігі болып табылады. Алғашқы нәтижелер наурыз айында келе бастады», — дейді халықаралық «Ғылым әлемін ашамыз» байқауының жеңімпазы А.Есенгелдиева.

Осы арада Шымкенттің өзінде де 46 мыңнан астам студент білім алып жатқан 9 жоғары оқу орны бар екенін айта кеткен жөн шығар. Олардың 4 пайызға жуығын шетелдіктер құрайды.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

Баспасөз – 2025

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүнгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanreklama@mail.ru

МҰРАГЕРЛІК

2. 2024 жылы 21 қарашада қайтыс болған Султанова Айгуль Койшыбаевнаның артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Б.О. Қуламбаеваға келуі керек. Мекенжайы: Қызылорда қаласы, Әуезов көшесі, 5А. Тел. 8 775 708 81 82.

3. 2024 жылы 11 қарашада қайтыс болған Коптлеуова Райхан Асхабовнаның артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Б.О. Қуламбаеваға келуі керек. Мекенжайы: Қызылорда қаласы, Әуезов көшесі, 5А. Тел. 87757088182.

Айжанның өлімінен кейін Саяның өмірі тоқтап қалғандай. Сұрықсыз күндер, ұйқысыз түндер. Ол бәрінен жалықты, әсіресе жалғыздықтан. Құрбысы екеуі «Біз жалғыз емеспіз! Біз еркінбіз!» – деп өзеуреуші еді түнгі клубтарда жарқылдап-жыр-кылдап, коктейльді сыздықтатып отыратын. Бірақ оның бос жұбаныш екендігін іштері сезіп тұратын.

Айжан Саяға «Тым кеш болмай тұрғанда бала туып ал. Ет жақының сол болады. Сенің орнында болған-да баяғыда-ақ сөйтер едім», – дейтін. Енді ол да жоқ. Құрбысы қатерлі ісікке душар боп, жатырын алып тастағасын, жүрегі езіліп тұрып ана болмақ арманынан бас тартты. Сая Айжанға «Суррогат ана көмегіне жүгінсейші» деп ақыл қосса, ол «Мендейлердің көбеймегені дұрыс. Құдай бәрін оң шешті» дейтін еді ащы күйікпен. Ол өзіне тым қатал болатын. Кейде тіпті қатыгез. Сая онысын құптамайтындығын білдіргенде «Өз өмірім. Өзім білем» деп тыйып тастаушы еді. Өз өмірін өзі білді ме? Өлімін ше? Бейшара әйелді шыр айналдырды. Кім? Құдай ма? Басқа ма? Кім?

* * *

Сая таңертең төсегінен тұрып, киімін ауыстырды, жуынды. Балконда тұрып ішілген бір шыныаяқ кофе, шегілген бір тал темекі. Сосын... Сосын жұмыс. Жарымайтын айлыққа бола жарытпас әйелдің күйбең тірлігі. Ол емханада мейірбике болып жұмыс істейді. Адамдардан алыс болу үшін архивке ауысып алған. Адамдар... Сая оларды жақсы көреді-ақ. Кейбірін жек көреді, әсіресе, бір сөзді он рет қайталайтындарды, жоқ жерден пәле тауып, шу шығаратындарды. Айналасындағыларға көзқарасы өзіне деген көзқарасымен ұштасып жатыр. Ол өзін де жақсы көреді. Кейде жек көреді.

* * *

Сая ұзақ ойланып, экстракорпоралды ұрықтандыру арқылы ана болуға бел буды. ЭҚҰ орталығына барып, кеңес алмақ болып, дәрігер кабинетінің есігін имене ашты.

– Саламатсыз. Кіруге бола ма? – деді ол.

– Иә. Кіріңіз. Отырыңыз, – деді жас дәрігер.

– Менің ана болғым келеді. Табиғи жолмен ана болу жасынан өтіп кеттім. Сондықтан ғылыми жолмен бала сүйемкін.

– Бұл өте дұрыс шешім. «Құдай берді, бермеді» деп өмір сүру – өткен ғасырлық үрдіс. Ғылымның дамығаны соншалық, бермегенді тартып алуға әбден болады.

– Сіз тым батыл екенсіз.
– Иә. Білімім мен тәжірибемнің арқасында батыл болып жүрмін.

Сүйкімді келіншек кербездене қасын керіп, үстел тартпасынан Саяға бір парақ қағаз ұсынды да:

– Мына анкетаны толтырыңыз. Сосын сізге Жанночка көмектеседі, – деді ол бөлме бұрышында отырған мейірбике қызға иек қағып.

Сая анкетаны толтырып болғасын дәрігерден бірнеше жолдама алды да, тексерілуді бастап кетті. Ана болудың қиын екендігін әзірден-ақ түсіне бастағандай. Көптеген зертхана-ларға қан тапсыру, ультратдыбыстық тексерулер, рентгендік тексерулер. Олар мұның тәнін тіптікілеп, ұрық қондыруға кедергі болатын себепті іздеп жатыр, іздеп жатыр. Ал жанын ше? Жанын ешкім тексермеді. Онысы да дұрыс болды. Құбыжықтарын көріп қойса, ұрықтандырудан бас тартар еді. Жаны... Ол тек өзіне қызықты. Жан қалтарыстарын тіптікілеу – Саяның сүйікті ісі. Бірақ одан да жалықты. Мылқау, санярау адамдай ештеңені көрмейді, естімейді. Меңіреу болып қалған. Алдында бір ақ жалау желбірегендей. «Ана болам, бала сүйем, жалғыздықтан құтылам» деген арманы. Сая өршелене алға ұмтылды. Бірақ, байқап

қараса, көңілін күдік түрткілейді екен. Түтіктен шыққан бала қандай болады? Есейгенде денсаулығы, мінез-құлқы қалай қалыптасады? Тексізден алынған ұрық болса, өсе келе қасірет әкелмесіне кім кепіл?

Ал Сая ше? Балаға сая бола ала ма? Ана болуға толықтай дайын ба? Егілген ұрықтан пайда болған нәрестеге емірене ала ма, тәрбие бере

оп-оңай туа салатын адам сияқты бала керек екен. Сіз қандай ана боласыз? Бала туу бір бөлек. Оны өсіру ше, тәрбиелеу ше? Бір сәттік, бір күндік шаруа емес қой. Ол кезде де жеңілдің астымен, ауырдың үстімен өте алам деп ойлайсыз ба?

– Мен ол жағын көп ойлаймын. Сұрақтарға жауап тапқам жоқ, – деді Сая күрсіне.

АҚ ХАЛАТТЫЛАРДЫҢ



«ҚАРА» ТІРЛІГІ

Үнсіздік ұзаққа созылды.

– Болашақ баламның жынысы қыз болғанын қалаймын. Қыз өсіру оңайырақ сияқты, – деді Сая әлден соң.

– Қыз да болады, ұл да болады, – деген жауап алды дәрігерден.

– Қалайша? Мен егіз туам ба?

– Біз сіздің жатырыңызға бес-алты ұрық салып береміз.

– Мен көп бала туғым келмейді, – деді Сая жанұшыра.

– Жалғыз бала туғыңыз келсе, жалғыз бала туасыз. Бірақ біз бірнеше ұрық саламыз, – деді Салидат дәрігер міз бақпай.

– Нәтижеге қол жеткізу мүмкіндігі көп болуы үшін.

– Мен бір бала көтерем де, бір бала туам. Жалғыз емес, бірнеше емес. Бір бала. Салидат алдында жатқан көп қағазды бұрқыратып, ішінде пациенттің аты-жөні тайға таңба басқандай жазылғанын тауып алды да, соны оқып барып:

– Сая, тынышталыңыз, дұрыс түсініңіз. Біздің осы іспен айналысып келе жатқанымызға бірнеше жыл болды. Біз білікті, білімді мамандармыз. Қызмет ұсынушысыз. Сіз қызмет пайдаланушысыз. Біз нені, қалай жасауды нақты білеміз. Сөзіме сеніңіз. Менің айтқаныммен іс жасасак, бәрі дұрыс болады. Сіз үшін дұрыс болады, – деді «сіз»-ге ерекше екпін қоя.

– Мен қызмет тұтынушымын. Мен клиентпін. Қызметтеріңіз арзан емес. Сонша ақшаны несиеге алып, сіздердің алақандарыңызға салып бермек болып отырмын. Сондықтан менің айтқаныммен іс қылайық.

– Сіз ресторанға келіп, тамаққа тапсырыс беріп отырған жоқсыз. Дұрыстап сөйлеңіз!
– Сіз менің үкілеген үмітімді тамақ, тауар деңгейіне түсірдіңіз. Сізбен басқаша қалай сөйлесу керек? Мен өзім де медикпін, көзі ашық, оқыған адаммын. Не себепті анализдерді сіз айтқан зертханаға ғана ақылы түрде тапсыруға мәжбүрлей-

сіз? Басқа зертханаға, тегін тапсыруға неліктен болмайды? Неге келісімшартты тек осы жерде оқып, қол қоюға мәжбүрлейсіз? Неге ол жыпырлаған сөздерді үйге апарып, асықпай оқып, юристермен кеңесіп, өзіңе ұнамаған жерлерін өзгертіп барып қол қоймасқа? Не себепті тек сіздің айтқаныңыз болуы керек? Ертеңгі күні не болса да, сіз сүттен ақ,

судан таза болып, сытылып шығып кетуіңіз керек те, ал мен сонша қарызға батып, дәмеленіп, жүйкем жұқарып жүргенде нәтиже болмаса, өз басымды өзім тоқпақтап қала беруім керек пе? – деді Сая ашуға булығып.

Салидат үндемей бөлмеден шығып кетті де, әлден соң егде жастағы әйелмен бірге қайта кірді.

– Сая, түсініңіз. Біз әрдайым пациенттеріміздің мүддесі үшін жұмыс істейміз, – деді бейтаныс.

– Сіздің есіміңіз кім?

– Қымбат Байғарақызы. Осы мекеменің басшысымын.

– Мен Сая Елемесқызымын. Еле-гендеріңізді, есте сақтағандарыңызды қалаймын,– деді Салидатқа адыра қарап.

Осы кезде есік ашылды да:
– Қымбат Байғарақызы, сыртқа шығып кетіңізші,– деген мейірбикенің дауысы естілді.

Басшысы асыға басып шығып кеткесін Салидат алдында отырған Саяға:

– Ертең таңертең келіңіз. Әзірше сау болыңыз, – деді есікке қарай иек қағып.

Сая сыртқа шықты да, дәретханаға барғысы келгендей рай танытып, дәліздің қарсы бетіне қарай беттеді. Мұның соңын ала дәрігер шықты да, тез-тез басып көрші кабинетке кіріп кетті. Мұны байқаған Сая да солай қарай беттеді. Кабинеттің есігі жартылай ашық қалыпты. Іштегілердің сөздері естіліп жатты.

– Сіздер маған бәрі дұрыс болады деген едіңіздер. Ештеңе де дұрыс болмады. Мен ауырып жатырмын. Ауруханада емделіп шықтым. Бірақ толық айықпадым. Ауруханадағы дәрігер маған «жұмыртқаларыңдағы қабыну жатырыңа шапқан. Енді сенің ана болуың неғайбыл» деді. Менің өмірімді бұздыңыздар ғой, – деді бір жас қыз жыламсырай.

Қымбат Байғарақызының:

– Сіз болуы мүмкін асқынулар жайлы толық хабардар болғансыз. Келісімшартқа қол қойғансыз. Онда «қандай жағдай болса да, орталық қызметкерлеріне қояр кінем жоқ» деп жазылған, – деген ашулы дауыс естілді.

– Апайлар, көмектесіңіздерші.

Маған тағы емделу керек екен. Дәрі алуға ақшам жоқ,

– Сіздің қызметіңізге біз толық ақша төлегенбіз. Сау болыңыз.

– Мен арызданам.

– Біздің тарапымыздан заңбұзушылық жоқ. Ештеңе өндіре алмайсыз.

– Сіз... Сіздер қатыгездіздер.

– Бұл өмір, балақай. Сау бол.

Шық бөлмеден! – Салидат бұйыра.

– Мен... Мен... Бар болғаны...

Сая бұдан ары тыңдап тұрса, қолға түсіп қалуы мүмкін екендігін түсініп, асыға басып сыртқа шығып кетті де, арырақ барып, тосып тұрды. Бірнеше минуттан соң аяғын әзер басып, жұпыны киінген жас қыз шықты. Қалтарысқа жақындай бергенде Сая оны шақырып алды.

– Сіңлім, бір жерің ауырып тұр ма? Көмек керек пе? – деді жанашырлық танытып.

– Сіз кімсіз?

– Мен де сен сияқты бейбақпын. Көмектесе алатын шығармын. Сөйлесейік. Қорықпа менен. Ана бір

жерде жақсы дәмхана бар. Сонда барып сөйлесейік.

Олар дәмханаға келді. Сая шай мен самсаға тапсырыс берді. Жаңа танысының жүзі сынық. Самса жеуге зауқы соқпады. Шай ішіп отыр.

– Атың кім, айналайын.

– Ұлдана, – деді ол үркектей қарап.

– Мен орталыққа келіп, дәрігерлердің көмегімен бала туғым келіп жүр. Сен де сонда келіп жүр екенсің. Бұларды бұрыннан бері білесің бе?

– Сенбеңіз оларға. Олар – өтірікшілер. Пациенттеріне адам деп қарамайды. Біз олар үшін тек материалмыз. Мен қолданылған материалмын. Өздеріне керектің бәрін менен сорып алды да, пайдам таусылғанда қоқыс сияқты далаға лақтырып жіберді, – деді Ұлдана жыламсырай.

– Түсіндіріп айтшы. Не болды саған?

Ұлдана Саяға қорқақтай көз тастады. Сенуге тұрарлық адам деп таныса керек, әлден соң сөз бастады.

– Мен бұларға бірнеше рет жұмыртқа торша тапсырғанмын. Оны ұзын инемен ішіңнен алады. Жасар алдында олар бұлбұлдай сайрайды. «Бәрі дұрыс болады. Қорықпа. Біз тек жұмыртқаларыңның шетінен ғана кертіп аламыз. Мүшелеріңе ешқандай зақым келмейді. Бұдан кейін сен өз бетіңше қалағаныңша бала көтеріп туа аласың» деген. Екі жұмыртқама да зақым келген. Қабынудан сіңірленіп, қатып қалған. Олар енді жұмыртқа торшалар шығара алмайды. Қабынуды тоқтату үшін мен ұзақ емделуім керек. Ал оған менде ақша жоқ, – деді күрсіне.

– Айналайын-ай, шақшадай басың қазандай болыпты ғой. Уайымдама. Бір реті болар, – деді Сая шай құйып отырып. – Тамақ алдырайын. Ішесің бе?

Ұлдана бас изеді.

– Қандай тамақ ішесің?

– Ыстық сорпа болса... Тоңып отырғандаймын.

– Денең күйіп тұр ғой. Мен сені үйіңе дейін шығарып салайын. Қайда тұрасың? – деді Сая даяшыны шақырып, тапсырыс беріп болған соң маңдайына қол тигізіп. – Сен бұл іске о баста неге араластың?

– Ақша табу үшін.

– Басқаша жолы болмады ма?

Ұлдана жылап жіберді. Тамақ ішіп болғасын Сая оны тұрғылықты мекеніне шығарып салды. Жатақханада тұрады екен. Қуықтай ғана бөлмеде ауру қыздың жағдайын жасап, бәйек болды. Дәрі ішкесін Ұлдананың жағдайы жақсарайын деді. Көңіл-күйі оңалып, әңгіме айта бастады. Ол ауылдың қызы екен. Көп балалы жанұяда туыпты. Бес жыл бұрын оқуға түсуге келген екен. Оқуға түсе алмаса да, ауылға қайтқысы келмей, қалада қалыпты. Дүкенде сатушы болып жұмыс істеп жүргенінде тауар алып келетін фирмада жұмыс істейтін бір жігіт күйем-сүйем деп алдап, дегеніне жеткен соң жүкті екенін естіген бойда ізін суытыпты. Бейшара қыз жылап-еңіреп, құрбыларының ақылымен дәріханадан шарананы түсіретін дәрі алып ішкен екен. Ол дәрі өтірік болды ма, әлде басқа себеп болды ма, бала түспепті. Қайыр болмағасын перзентханада жұмыс істейтін Ася есімді гинекологқа ақша беріп тұсып жасыпты. Ақшаны қайдан табарын білмеген бейшара қыз жалғыз қымбат затын – әкесі сыйлаған алтын сырғасын сатыпты. Түсіктен кейін жағдайы қиындай берген көрінеді. Қиналса да, қаладан қайтқысы келмей, болашақтан жақсылық күтіп жүргенінде дүкен қожалыны мұны ақша ұрладың деп жала жауып, мойнына қарыз іліп, жұмыстан шығарып жіберіпті.

Болай ТҰРҒЫНБЕК
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ
(Жалғасы бар)

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали

Алматы облысы 8 707 851 91 13.

Ақтөбе облысы Нұрбол Әлдібаев

Атырау облысы 8 701 357 66 84.

Маңғыстау облысы Жансая Есмағанбетова

Қызылорда облысы 8 705 398 62 83.

Түркістан облысы Боранбай Ғалиев

Батыс Қазақстан облысы 8 775 543 03 80.

Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.

Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.

Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.

Шадияр Мекенбайұлы 87757335665

Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі

68 «б»-үйі.

Қабылдау бөлмесі:

292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –

сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.

Жеке таралым 6367 дана

Апталық таралым 12 734 дана

Тапсырыс №58 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zangazet.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШСбаспаханасындабасылыпшығарылды. Тел.:факс.8(727)51-78-27, 8 (727) 51-78-31